# ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz ॥ qazaquni2000@gmail. com ॥ 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady ॥ №51 (869), 16 jeltoqsan, 2019 jyl






## ИМАНҒАЛИ – ПАЙҒАМБАР ЖАСТАҒЫ ПАРАСАТКЕР

Елдің бәрінің ең алдымен күткені – қазақтың саңлақ саясаткері, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткері, бүгінде орман орыстың елінде, Мәскеуде Қазақтың сөзін ұстап отырған мәртебелі Елшіміз Иманғали Тасмағамбетов еді!..

8-9 бет

# ЕЛДІККЕ ТІРЕК БОЛҒАН ЕГЕМЕНДІК



6 бет

«Аттың жалында, атанның қомында» дүниеге келіп, тірлік кешкен қазақ сынды уақыт пен кеңістікті бағындыра білген халық жер жүзінде кемде-кем шығар. Көшпелілердің тарыдай шашылған ұрпағы көк теңіз асып, құрылықтарды көктей өтіп, жазиралы өңірлер мен өлкелерді уысында ұстады, ұлттар мен ұлыстарды танып-білді. Кеңестік империяның «темір торына» түскен қазақ осындай еркіндігінен ұзақ уақыт қол үзіп қалды. Шет жұрттарға тек билікке «сенімді» өкілдер ғана жіберілді. Ал, білімге ұмтылған жастардың оқу іздеп, өзге мемлекеттерге баруына, ел көріп, жер көруіне тосқауыл қойылды, тіпті шетел тілдеріндегі оқулықтарды, газет-журналдарды пайдалануға тиым салынды, осылайша шынайы ақпаратқа жасанды жолдармен кедергі келтірген кеңестік билік сол арқылы халқымыздың өскелең ұрпағын мәңгүрттендіру саясатын ұстанды.





# ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
## ҚЫРЫН ҚАРАЙТЫНДАР – ӨЗІМІЗДІҢ АЙЫРТІЛДІЛЕР

Тағы да талас. Тіл төңірегінде. Онда да, отау ішіндегі орта қазанға ортақтас «көп ұлттың» бірінің тілі емес, Мемлекетті құрушы ұлттың, қазақтың тілі, Қазақстанның Мемлекеттік тілі төңірегінде. ҚР Президенті жанынан құрылған Ұлттық сенім кеңесінің кей мүшелері Қазақстанда қазақ тілінің мәртебе алып, арнайы Заң болып бекітілгеніне бөтен ойлы екенін білдіріпті.

5 бет



## КОЛБИННЕН ҚАЙМЫҚПАҒАН РЕКТОР

– Желтоқсан айының 14-16 күндері кезекті еңбек демалысымды алып, Алматы санаторийінде демалып жүргенмін. Демалғаныма не бәрі екі күн өткен. Менімен қатар Семей обкомның бірінші хатшысы Сағидолла Құбашев та санаторийдің люкс корпусында демалып жатты.

7 бет

# «ЖАС ТҰЛПАР»
## И НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА



Идеи алашординцев подспудно питали деятельность общества. «Жас тұлпар» – это антиколониальная борьба, духовная деколонизация, поддержка казахского языка и культуры. Появилась целая плеяда поэтов, писателей, художников, музыкантов, которые подхватили эти идеи. Благодаря им на выжженном поле «Алаш-Орды» зарождались идеи национального возрождения и независимости, которые вывели на площадь казахскую молодежь в декабре 1986 г.

14 бет

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙТЫН КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА ҚАЖЕТ

**Биылғы «Жастар жылын» қорытындылап, келесі «Еріктілер жылын» ашқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Тәуелсіздік күні қарсаңында өскелең ұрпақпен кездесуінің маңызды екенін атап өтті.**




«Тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді одан әрі өркендету – қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Сондықтан біз сіздерге зор үміт артамыз. Мемлекетіміздің келешегі – өздеріңіз! Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі. Біз халқымызды әлемге танытқан ең асыл қасиеттерді сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз сөзінде президент еліміздің ірі қалаларында жұмысшы жастарға 9 мың пәтер беру туралы шешім қабылданғанын жеткізді. Биыл 5 мың азамат мемлекеттен грант алып, жас кәсіпкер атанды. Алдағы үш жыл ішінде олардың саны 30 мыңға дейін өседі. Бұдан бөлек 10 мың жас бизнесмен шағын несиенің арқасында өз өндірісін кеңейтіпті. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бакалавриат, магистратура мен докторантурада оқитын студенттердің стипендиясын 25 пайызға өсіру жөнінде шешім қабылданып, бұл 130 мыңға жуық адамды қамтиды

Президент жастарды қолдау жөнінде бірыңғай кешенді бағдарлама жасау қажеттігін айтты.

– Бірыңғай бағдарлама өскелең ұрпақтың өзекті проблемаларын шешуге бағытталады. Ең бастысы, оның механизмі жастарымыз үшін қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. Жеке және кәсіби тұрғыдан өсу, жұмысқа орналасу немесе тұрғын үй алу үшін Қазақстанның қай жерінде, қандай мүмкіндіктер бар екенін әркім білуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

# ҮКІМЕТТІҢ МІНДЕТІН ДЕПУТАТТАР АТҚАРУҒА ТИІСТІ МЕ?

**Елімізде үш жарым мың нысан лаңкестік қауіп-қатерге дайын емес. Арасында мектеп, аурухана, мәдени орындар, ойын-сауық орталықтары бар. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, бұл Қазақстандағы барлық нысанның 35 пайызы.**

Ал олардың терроризмге қарсы дайын болмауына мәжілісмендердің алдына келген ҚР Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайыловтың айтуынша, әдеттегідей қаржы тапшы және жұмысты үйлестіре алмаған әкімдіктер кінәлі екен. Ендігі жерде Үкімет әкімдіктерге әлеуметтік нысандардағы қорғанысты күшейтуді міндеттемек. Мәселен, мектептерде бейнекамера орнатып, күзет бөлімінде офицер отыруы шарт. Сондай-ақ, Мәжілісте мақұлданған жаңа заңға сәйкес, ведомствоаралық кеңес құрып, ақшаның тиімді жұмсалуын қадағалау солардың құзіретіне өтпек. Бес жылдық бағдарламаға сәйкес биыл – 58, келесі жылы – 26, ары қарай 36 миллиард теңгеден жыл сайын бөлінбекші.

– Әлихан Асханұлы, бұл жерде сіз қаржы министрі ғана емес, премьер-министрдің орынбасары ретінде жауап беруге тиіссіз. Әкімдер қаржы керек кезде Үкіметтен шықпайды. Олардың басын қосып, «Сіздің өңірде 20 мектепте лаңкестік қауіп-қатерге қарсы еш жағдай жасалмаған, бейнекамералар жоқ», – деп айту керек. Ал кімнің меншігінде екендігі – екінші мәселе», – деді вице-премьердің жауабына қанағаттанбаған Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин. «Тиісті органдар қаржыны тиімсіз пайдаланып отыр», – деп Мәжілісте вице-премьердің мәлімдеуі ыңғайсыз нәрсе, бұл сынныққа айтар сылтау ғана. Бүкіл билік қолында тұрған Үкіметтің аймақ басшыларына шамасы келмей қалғаны ма? Бөлген ақшаның қалай жұмсалғанын бақылайтын орындарға неге тапсырма беріп, оларды тәртіпке шақырмайды? Әлде бұл жұмысты да депутаттар атқаруы керек пе?..

# СИРИЯДАН ОРАЛҒАН СОДЫРЛАР СОТТАЛДЫ

**Сирияда содырлардың сапында соғысқа қатысып келгендерге сот үкімі шықты. Іс қаралған 14 отандасымыз ең азы 8 жыл, ал ең көбі 14 жыл арқалады. Сот отырысы колония қабырғасында өтті.**



Екі ай бойы жалғасқан сот отырысы ақыры аяқталды. Сотталғандардың жаза мерзімі әр түрлі. Мысалы, араларындағы ең жасы – 1997 жылдың тумасы Абзал Амангелді 8 жыл алды. Жазаны өтеу қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесіне белгіленді. Тағы төртеуіне осынша жаза кесілді. Көшедегі кесілген төрт бірдей адам басын аяққа басып тұрып суретке түскен Аманжол Жансеңгіров 12 жылға қамалды. Ал ең үлкен мерзім алған – Нұрлан Камалов. Прокурордың айтуынша, ол Сирияда әмір дәрежесіне дейін көтерілген. Сол үшін прокурор 17 жыл сұраған еді. Бірақ судья оған 14 жыл берді. Сот үкіміне келіспеген кей туыстары қайта шағымданғысы келеді. Артынан айыпталушылар соңғы сөзін айтты. Сол кезде адасып қия басқанын жарыса айтып, жазасын жеңілдетуді сұраумен болды. Айта кетелік, үш рет өткізілген «Жусан» арнайы операциясы барысында Сириядан 600-дей қазақстандық елге қайтарылған еді. Олардың басым көпшілігі – балалар мен әйелдер.




# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ

**Алматыда Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық Опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының құрылуына және «Қазақ әдебиеті» газетінің ашылғанына 85 жыл толуына орай салтанатты пленумы өтті.**

Халықаралық жиынға айналған ордалы отырысқа шетелдерден келген Жазушылар одағының басшылары, қазақстандық қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Алдымен қазақ әдебиетінің қара шаңырағына айналған киелі орданың 85 жылдық тарихынан сыр шертетін бейнебаян көрсетілді. ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет баяндама жасап, аталған ұйымның осы жылдар аралығында жеткен жетістіктерімен қатар, соңғы кездер атқарылған ауқымды жұмыстарына тоқталды.

«Қазақ елі қашанда жазушылар қауымдастығын жанына сүйеу, рухына тіреу санайды. Ежелден сөз өнеріне кие тұтқан қазақ өткен ғасырдың басында бір ұйымға ұйысқан ақын-жазушылар қауымдастығында дәл осындай үлкен үміт артқан болатын. 85 жылдық тарихында сөз зергерлері сол үмітті ел сенімінің темір қазығына айналдыра білді. Қазақстан Жазушылар одағының бір ғасырға жуық тарихын тарата зерттейтін болсақ, одан қазақтың қилы кезеңдерімен тұтасып жатқан жүздеген томға жүк болатын қызығынан қасіреті басым, тауқыметті тағдырлардың шежіресін көреміз», – деді салтанатты жиынға аранайы қатысқан ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев.

«Бүгінде 800-ден астам қаламгердің басын біріктіріп отырған киелі ұйым – Жазушылар одағының құрылғанына 85 жыл толды. Сәкен Сейфуллин іргесін қалаған жазушылар одағын әр жылдары Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Ғабит Мүсірепов, Әди Шәріпов, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Нұрлан Оразалин басқарған. Қазақ сөзі қиын-қыстау замандарды басынан өткерді. Қазақ тілі қаржы, сот, экономика саласынан ығыстырылып өгей күй кешкені анық. Тап сол кезеңдерде қазақ тілі пана тапқан жалғыз ұйым Жазушылар одағы болатын», – деді қала әкімі Бақытжан Сағынтаев.

# ШЫРША ШЫРҚЫҢЫЗДЫ БҰЗБАСЫН

**Солтүстік Қазақстан облысында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасының екі күні ішінде 600-ден астам құқық бұзушылық анықталды.**

СҚО Полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, екі күннің ішінде ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 64 адам, ішімдікке қатысты заңнаманы бұзған 8 адам ұсталған. 57 ата-ана баласының беймезгіл уақытта көшеде жүргені үшін жауап берді. Көлік жылдамдығын шектен тыс асыру, рөлге мас күйде отыру секілді құқық бұзушылықтар да жиі кездеседі. Сондай ақ ел аумағында болу тәртібін бұзған 33 шетелдік азамат анықталды.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында тәртіп сақшылары қылқан жапырақты ағаштарды қорғауға алды. Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері шыршаны кескендерге әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапкершілік те қарастырылғанын ескертеді. Айыппұлдың мөлшері жеке адамдарға 75 мың теңге болса, лауазымды тұлғалар мен кәсіпкерлерге 30-дан 500 АЕК-ке дейін. Бір қылқан жапырақты ағаш 37 мың теңгеге – 15 АЕК бағаланған. Егер келтірілген шығын мөлшері 100 АЕК асып кетсе, тәртіп бұзушы қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Өкінішке орай, жаңа жыл қарсаңында шыршаны заңсыз отау жиі орын алып, туған табиғатымызға орасан зор зиян келтіреді. Біріншіден, бұл ата-бабамыздан қалған мереке емес, екіншіден, осы ескерту терісқейліктермен бірге еліміздің барлық аймақтары тұрғындарына қатысты. Шырша шырқыңызды бұзбасын десеңіз, осы ескертулерді есте ұстау қажет.

# ТОҒЫЗ ҚАБАТТЫ ҮЙ ТАҒЫ ҚИСАЙДЫ

**Алматыдағы атышулы Алғабаста тағы бір үй қисайды. Елге апатты үйлерімен танылған ықшамауданның аты «Зерделі» деп ауыстырылған, бірақ заты өзгермепті. Тоғыз қабатты үйдің артқа қарай қисайғанын байқап тұрғындар дабыл қаққан. Алайда шақыртуға келген мамандар «айтарлықтай қауіп жоқ» деп, кетіп қалыпты.**

Күні-түні көз ілмеген 179-үйдің тұрғындары кімнен көмек сұрарын білмей үрейленіп отыр. Айтуларынша, небәрі бір түннің ішінде көрші үймен араны жалғап тұрған темір тордың үстіңгі шегелері ажырап, іргеге құйылған бетон жоғары көтеріліп кетіп, кіреберістегі асфальт сөгіле бастаған. Үйде бөлмелердің есігі жабылмай, кейбіреуі өздігінен ашылып кететін болған.

Бұл үйде тұрып жатқан кілең жастар. Бәрі де пәтерін «Жас отбасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеңілдікпен алған. Әкімдіктегілер әдеттегідей жайбарақат. «Қауіпті жағдай болу үшін өзінің нормативінен асып кету керек. Қазір нормативтан ауытқу жоқ. Апатты, ол 30 сантиметрден асу керек. Қазір бір сантиметр», – дейді Алматы қаласы жайлы қалалық орта басқармасы басшысы Қуандық Айтмағамбетов. Бұл не деген жайбарақаттық, тоғыз қабатты үй төңкерілгенде ғана апатты деп айғайға баспақшы ма? Жүздеген адамның өмірі ойыншық емес. Үйге тапсырысты кім берді, құрылысты кім салды, оны кім қабылдап алды? Осы істі атқарған лауазымдылар неге жауапқа тартылмайды? Бұл сұрақ қала басшыларының ойына кіріп те шықпайтынға ұқсайды.

**Кешегі күні ғана Ақмола облысы Қорғалжын ауданының прокуроры болған, жергілікті мекенде заңдылықты қадағалап, өз қызметін мейлінше адал атқарып келген, білікті заңгер Дулат Оразалыұлы Омар – дәл бүгін міне күтпеген жерден күдікке ілігіп, Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр аудандық сотында айыпталушы болып отыр.**
**Дулаттың әкесі Оразалы ақсақал көп жыл ауылшаруашылық саласында жемісті еңбек еткен, совхоз басқарған зиялы азамат. Ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырған анасы отбасында балаларына адал тәлім-тәрбие берген кейуана. Сот залына келіп ауыр күрсініп отырған қариялар білімі мен білігі арқылы ел-жұртына үлгілі-өнегелі азамат болып танылған ұлына осыншама нақақтан жала жабылады деп үш ұйықтаса түстеріне кірмеген де болар.**
**Кезінде еліміздің Бас Прокуратурасында жауапты қызметтер атқарған, кәсіби мамандығына бір кісідей адал Дулат Омардың күтпеген жерден істі болып, дәл қазір сотталушының орындығында отырғаны, әр жиналыс сайын конвойдың айдауымен сот залына жеткізілетіні жастары ұлғайған әке-шешесімен қатар жан жарының, аға-інілерінің, бала-шағасының, өзге де туыстарының жандарына қатты батып, жүректерін сыздатады.**

# АЙЫПТЫ ЕТУ ҮШІН АРАНДАТУ КЕРЕК ПЕ?!



Қорғалжын аудандық прокуратурада басшылық етіп жүрген Дулат Омарды пара алды деген күдікпен істі ету үшін Сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметінің ұйымдастырған операциясының өзі қылмыскерді құрықтаудан гөрі кінәсіз жанды қалай да арандатып, тек орға жығуды ғана көздегені көрініп тұр.

Қорғалжындағы табиғи қорығының директоры Асқар Сексенбиев пен аудандық прокурор Дулат Омар екеуі бұрын тәптәуір қарым-қатынаста болғанға ұқсайды. Өздері де жас жағынан бір буынның өкілдері, әрі екеуінің де ұлдары экономика-бизнес саласы бойынша жоғары білім алуда. Сол себептен, Қорғалжында туристік бизнес құрылымын ашып, ұлдарын сол кәсіпке баулу ойларында болыпты.

Студент ұлдары каникулға шыққан жаз мезгілінің жексенбісінде бизнес жоспардың бірер құжатын Асқар Дулатқа тапсыруы керек болып хабарласады. Дулат оны Нұр-Сұлтан қаласында демалыста жүрген ұлы Әлиханға бере сал десе керек.

Ойында ештеңе жоқ Әлихан Астананың Азия Парк маңында Асқармен жолығып, пакетке салынған бірдемені көлігінің ішіндегі құжат салғышқа тыға салады. Асқар өз жайына кеткен сәтте бір топ жігіт оның көлігін қоршап алып, «машинадан шық» деп тап береді. Алғашқыда абыржып қалған бала есік, терезесін жауып алғанымен, сырттағылар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметіненбіз» деген соң есігін ашады. Сол сәтте оны тарпа бас салып, көлігінен алып шығып, екі адам ұстап тұрады.

Қолдарында бейнекамерасы бар екі адамның бірі алыстан, екіншісі жақыннан түсірілім жасап тұрады. Аталмыш қызмет өкілдері Әлиханнан бір ауыз рұқсат та сұрамай машинаны тінтіп, еш жаңылмастан бірден тұп-тура әлгі пакет салынған жерді ашып, ішінен ірі банкноттардан тұратын көп ақша алып шығады. Қызықты қараңыз, бұл көріпкелдік пе, әлде, алдын ала жоспарланған немесе әбден келісілген шаруа ма? Тым құрығанда, орындықтың асты-үстін қарап, біраз іздеген болып, сәл де болса, «актерлік шеберліктерін» көрсетпей ме екен?

«Пара алу үстінде ұсталды» деген операциялардың бірталайын білеміз. Бірақ, дәл мынандай көпе-көрінеу арандатуды түсінбедік. Прокурордың өзіне талапкер немесе арызданушы қолма қол ақша тапсырып, шытырлатып санап тұрғанда үстінен түссе, бір жөн ғой. Тал түсте оның баласын ұстап, көлігін тінту – қайдан шыққан өнер?!

Енді мінеки, аталмыш оқиғадан уақытша қамауда алты бойы сыр берген денсаулығы зардап шегіп, ала жаздай тергеліп, ҚР Қылмыстық Кодексінің 24-бабы, 2-366 тармағының 23 тармақшасы бойынша қозғалған істің соттағы тергеуі аяқталды. Қорғаушы тарап коррупцияға қарсы қызметтегілер қылмыстық іс жүргізу заңнамасын өрескел бұзғанын, дерек пен іс материалдарының қолдан жасалғандығын мәлімдеп отыр. Экс прокурор Дулат Омарды қылмысқа негізсіз тарту үшін «пара алды» деп жалған жаламен арандатқаны жайында бұлтартпас айғақтар келтірілді.

Жалпы ҚПК-тің 111-бабының бірінші тармақшасына сәйкес заң жүзінде алынған мәліметтер ғана қылмыстық істің айғақтары бола алады, сот заңсыз әрекеттің болған-болмағанын айқындауы тиіс. ҚР ҚПК-нің 112-бабының 4-тармағына сәйкес қылмыстық іс жүргізу заңнамасын бұза отырып, қолдан жасалған мәліметтер айғақ ретінде қолданылмайды және айыптаудың негізіне жатпайды.

Сот процесіне қатысқан баспасөз өкілінің пайымдауынша және қорғаушы тараптың ізденістерінің нәтижесіне сүйенсек, Дулат Омарға тағылып отырған қылмыс бірнеше рет өткен сот жиналысында дәлелденген жоқ. Қысқасы, қазақтың бір кінәсіз азаматы жазықсыз жапа шеккелі тұр.

Айталық, Дулат Омарға тағылған айып бойынша оның 2019 жылы маусымның 3-і күні ақша алуын мензеп істі етуге тырысады. Айыптау актісіне сәйкес прокурор Қорғалжындағы табиғи қорық мекемесіне жасаған тексеріс анықтамасында қорықшының сейфінде жатқан 23 млн. теңгені көрсетпегені үшін 5 млн. теңге сұраған делінеді. Қорғау тарабының дәлелдері бойынша бұл деректе еш негіз жоқ. Өйткені, қаржы-шаруашылық қызметті тексеру прокурордың лауазымдық құзыретіне жатпайды. Шын мәнінде сейфте қолма-қол ақшаның сақталуы қаржы тәртібінің бұзылуы болып саналмайтанын Қаржы министрлігі, Есеп комитеті және Орман шарушылығы және жануарлар әлемі комитеті растап отыр. Осыған орай аудитор Қапышевтің 25.06.2019 жылы жасаған қортындысы негізсіз әрі заңсыз. Оның үстіне ол судьяға браконерлердің ақшасын қою үшін классификатордың кодын неге көрсетпегенін түсіндіре алмады.

Прокурор тарапынан атқару өндірісі тексерілмеген. Өйткені, онымен Ақмола облыстық прокуратурасы айналысыпты. Бұл шараның жүзеге асырылатын мерзімі 2016-2018 жылдар аралығы болғандықтан прокурор оның шегінен шыға алмайды. Ал, ақша 2019 жылы түскен. Жалпы аталмыш қорықтағы анықталған заң бұзушылықтар, атқарушылық өндірістің қозғалуы қылмыстық-жазалау белгілерімен тіркелген материалдар және прокурордың назар аудару тексерістің жоғары деңгейде болғанын және тергеу тарапынан Дулат Омардың жасалмаған заңсыздық үшін ақша сұрады делінуі еш ақылға қонбайтын қисынсыз нәрсе.

Мұның өзі айналып келгенде, айыптау айғақтарының ойдан шығарылғандығын, арыз берушінің қылмыстық іздестіру органына тәуелді екенін, материалдардың бұрмаланып, ақырында «пара алды» деген жалған арандатуды көрсетеді.

Сонымен қатар тергеу сотына ұсынылған материалдың елеулі түрде айырмашылығы бар. Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметтің жалған рапортты заңсыз тіркеуі арқылы аталмыш ұйымды алдымен астыртын тексеруге, содан соң Д.Омарды тұтқындауға санкция алуы, оны растайтын қаржылық құжаттар қосымшасымен пайдаланылған қаржының заңдылығы туралы жауабының жоқтығы да Дулат Оразалыұлының нақақтан сотқа тартылып отырғанын айғақтай түседі.

Сондай-ақ, арызданушы Асқар Сексенбиевтен жауап алу 2019 жылдың 27 мамырында өткені де шындыққа сай келмейді. Өйткені, ол бұл күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ғимаратына бас сұқпаған. Семинарға қатысу үшін Алматыға ұшақпен сапар шеккен. Сексенбиевтің қылмыстық қудалаушыларға тәуелділігі оның берген жауабынан анық көрініп тұр.

Ол сотта «сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ғимаратына бармадым» деп өтірік айтып, бұл әрекетін адвокаттың 2019 жылы 8-9 мамыр күндері түнгі уақытта 3 сағаттан астам уақыт болғанын дәлелдегеннен кейін ғана шындықты еріксіз мойындады. Өзге де тергеу барысында қолданылған әдістер тиісті заңнамаға сай емес.

Мәселен, істе Д. Омардың қайдан, қалай қол жеткізгені белгісіз сараптама жасау үшін алынған «еркін даусы» (телефон арқылы немесе біреулермен өзара сөйлескенін жазып алу) жайлы еш құжат жоқ. Сексенбиевтің экс прокурор Омарға қатысты берген көрсетілімінің психологиялық-филологиялық сараптамасында түрлі айла-шарғы, психологиялық қысым, арандату секілді әрекеттердің қолданылғаны аңғарылады.

Рыскелдиновтың Омардың қарызға ақша сұрағаны туралы шағымының барлығы және бұл фактіні Сексенбиевтың растағаны және соңғысының жасырын тергеу әрекетіне ерікті түрде қатысу туралы тергеушінің атына жазған (03.06.2019) іске қабылданған өтініші, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің заттай айғақтарды, тінткен бейне жазбаларды жойып жіберуі, автокөлікке күшпен басып кіріп, процессуалдық әрекетке ешқандай түсінік берілмеуі, тіркелмеуі, қолғапсыз конверттің, пакеттің ашылуы қылмыстың қолдан ұйымдастырылғанын көрінеу айғақтап тұр.

Қорғаушы тарап айыпталушының ақша бойынша заңды шара қабылдап, оны есепке алғаны, Сексенбиев ақша берсе оны қайтару кепілдігі жайлы аудиожазбаны, одан алған ақшаны қайтарғанын айғақтайтын құжатты ұсынды.

Одан соң Сексенбиевтың бұл қаржыны қорықшыдан ұрлап алғаны анықталды. Жалпы талапкер А. Сексенбиевтың бұл іске тартылуы еркінен тыс мәжбүрленгені байқалып тұр. Сондай-ақ, айыптау актісіне сай келетін бірде бір дәлел жоқ. Сотқа дейінгі тергеп, тексерудің алдын ала ойластырылған, әдеттегідей айыптау басымдығымен жүзеге асырылғаны анық болып тұр.

Мұны жоғарыда айтылғандармен қатар Қорғалжындағы табиғи қорық жұмыскерлерінен алынған таптаурын жауаптар да көрсетеді. Мысалы, аталмыш қорық жұмыскері сотқа ондай көрсетілімді тергеуші жазып, өзіне қол қоюды сұрағанын айтты. Оның көрсетілімі бас бухгалтердің көрсетілімінен жолма-жол көшіріліп алынған. Сонымен қатар мамандардың қортындысы да ешқандай заң, нормативтік-құқықтық актіге негізделмеген бір жақты, аргументсіз, негізсіз.

Алайда, осындай дәлелдерді бұрмалау, қызметтік жалған құжат жасау, заттық айғақтарды жою, пара алды деп арандату, процессуалдық тәртіп бұзушылықтардың көптігі және шағымданушы тарапынан жалған куәгерліктің болғаны айқын көрініп тұрғанына қарамастан сот процесіне қатысып отырған прокурордың ойы мүлде түсініксіз болды. Бұл істе тіпті прокурордың қадағалауы мүлде болмағандай әсер қалдырады. Процесс барысында да көзге көрініп тұрған заңсыздықтарға ол назар аудармайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қылмыстық әрекетін бүркемелеуге тырысқандай-ақ, Дулат Омарды төрт жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесуді сұрайды.

Жалпы сот процесіне қатысушы мемлекеттік айыптаушы Х. Омаров өзінің қызметтік міндетінен гөрі әлде бір жымысқы саясатты жүзеге асыруға мәжбүр болғандай сипат танытады. Әлде, айыптау актісін ҚР Бас прокуратурасының қылмыстық іздестіру қызметінің бастығы бекіткендіктен айыптаушы өз басшылығының нұсқауына тәуелді болып отырғандай. Қаралып отырған істе мемлекеттік айыптаушы Х.Омаровтың неліктен заң бұзушылықтың айқын деректеріне көз жұмғаны, қылмыстық процессаулдық кодекс талаптарын бұзылғанын мәлімдеген қорғаушы тараптың өтініштеріне құлақ аспағаны мүлде түсініксіз. Жалпы, біздің елде сыбайлас жемқорлықпен күрес тым науқаншылдыққа бой ұрып бара жатқандығы қоғам тарапынан жиі сынға алынып жүр.

ҚР Жоғарғы сотының «Бірқатар сыбайласқан қылмыстарды қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысына сәйкес Қылмыстық қудалау органдарының ҚК-нің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамды қылмыстық қудалау органдарының араласуынсыз пара алу ниеті туындамайтынын және қылмыстың жасалуын айғақтайтын мән-жайлар болған кезде пара нысанасын алуға көндірудің нәтижесінде келісім алынған кезде оған пара беруден тұратын арандатушылық-айдап салушылық әрекеттері өзіне қатысты осы әрекет жүзеге асырылған адам жасаған әрекеттің қылмыстылығы жойылады».

Демек Дулат Омарға қарсы қозғалған істе оның еш кінәсіздігі анық көрініп тұр. Сондықтан сот төрелігі халықтың сотқа деген сеніміне селкеу түсірмей, істі заң аясында әділ қарап, оң шешім шығаруға міндетті, бұл жерде науқаншылдық «асыра сілтеуге» жол берілмеуі керек.

**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ,**
**журналист**

# «АК ЖОЛ» ПРОТИВ МОНОПОЛИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ И ЗА ЗАЩИТУ КОНКУРЕНЦИИ

**«Ак жол» констатирует монополизацию экономики и предлагает меры по защите конкуренции – депутатский запрос фракции в адрес Премьер-министра РК озвучен 4 декабря Меруерт Казбековой.**



«Поддержка конкуренции в Казахстане является одним из приоритетов государственной политики. На сегодня в стране усиливается концентрация и монопольное положение отдельных компаний на базовых товарных рынках, таких как производство и реализация газа, угля, электрической энергии и нефтепродуктов, сотовая связь, строительство жилья, банковские услуги», – говорится в запросе.

При этом, как отметила Казбекова, основные игроки нередко являются не столько естественными монополиями, сколько доминирующими группами, искусственно достигшими превосходства нерыночными методами, в том числе – за счёт бесконечного государственного финансирования и административного подавления конкурентов.

«Деятельность таких компаний бесперспективна и ограничена исключительно внутренним рынком, поскольку на внешних рынках работают иные правила, где низкая производительность, раздутые штаты и необоснованные зарплаты делают их неконкурентоспособными. И даже приватизация таких госпредприятий не решает проблемы, так как им достаётся зачищенный от конкурентов рынок и низкая мотивация», – считают в «Ак жоле».

В запросе приведены результаты анализа состояния конкуренции, проведенного антимонопольным органом совместно с экспертами, согласно которым рыночная доля 4 основных игроков на рынке угля составляет 89%, производства электроэнергии – 67%, реализации нефтепродуктов – 73%, товарного газа – 95%.

Сократилось число игроков на рынках сотовой связи (с 5 до 2), банковских услуг (с 20 до 10). Вводится ценовое регулирование на аптечном рынке взамен конкуренции на данном рынке. На очереди – ряд других сфер.

«Текущее состояние базовых товарных рынков ограничивает конкуренцию и позволяет монополистам извлекать сверхнормативную прибыль за счёт общества, снижая его экономическую активность и возможности потребления. Именно с этим связано и отставание МСБ, тенденции рейдерства и целенаправленного доведения до разорения некогда успешных предприятий. Продолжение монополизации экономики становится угрозой дальнейшего развития и экономики, и общества в целом.

Поэтому предпринимаемые государством меры по ограничению аппетитов и тарифов монополистов не только получают поддержку в обществе, но и ожидания расширения таких мер», – подчеркнула депутат.

Однако, сосредоточившись на антимонопольном регулировании, уполномоченные органы упускают из вида собственно поддержку и развитие конкуренции. Между тем демонополизация экономики невозможна без адресного культивирования конкурентной среды, поощрения и преференций для альтернативных участников, вновь заходящих на рынок и испытывающих давление крупных игроков.

В этой связи фракция «Ак жол» предлагает Правительству разработать комплекс мер по защите и развитию конкуренции, где необходимо предусмотреть преференции для инвестиций новых участников в рынки с низким уровнем конкуренции; пересмотру госрегулирования в секторах, где избыточные требования привели к излишней концентрации и недопустимому сокращению числа участников рынка; мониторингу хода приватизации госпредприятий; и др.

# ОПЕРАТОРАМ СВЯЗИ ЗАПРЕТЯТ ЗАВЫШАТЬ АБОНПЛАТУ ПУТЕМ МАНИПУЛЯЦИЙ

**После депзапроса «Ак жола» операторам связи запретят завышать абонплату путем манипуляций с количеством дней в месяц – об этом стало известно из новостей КазТАГ.**




Напомним, что 20 ноября т.г. депутаты «Ак жола» обратились к заместителю Премьер-министра РК Роману Скляру с просьбой провести специальное расследование на предмет возможного ценового сговора операторов сотовой связи.

«Сотовые операторы Activ, KCell, Beeline перешли в этом году на новый тарифный план, согласно которому абонентская плата взимается 1 раз в 4 недели, хотя ранее оплачивалась 1 раз в месяц. В результате теперь каждый пользователь совершит оплату в год не 12, а 13 раз.

Фактически произошло скрытое повышение тарифа на предоставляемые услуги более чем на 8%. Изменения были проведены сотовыми операторами практически единовременно, в одностороннем порядке и даже без должного оповещения пользователей», – отмечалось в запросе фракции, озвученном Екатериной Никитинской.

«Акжоловцы» указали, что данная ситуация стала возможной в результате наличия правового пробела в Правилах оказания услуг сотовой связи, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию РК (№ 171 от 24 февраля 2015 г.), где пунктом 26 оператору сотовой связи разрешено самостоятельно формировать перечень тарифных планов, акционных предложений, объемы включенных услуг, тарифы, а также условия и сроки их действия.

Как передает корреспондент МИА КазТАГ, представлен соответствующий проект поправок, согласно которым в вышеуказанном приказе может появиться формулировка «Учетный период тарифного плана, предусматривающего предварительную оплату, начинается со дня подключения к нему и до аналогичной даты следующего месяца».

«Как пояснили в министерстве цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, «норма вводится во исполнение поручения заместителя премьер-министра РК Романа Скляра от 17-6/3448 от 22 ноября, а также в целях предотвращения поступления жалоб от абонентов касательно установления операторами сотовой связи учетного периода тарифных планов, равного 28 дням».

В этой связи, по словам разработчиков, «конкретизируется период тарифного плана». Деньги списываются с лицевого счета абонента в день подключения к выбранному абонентом тарифному плану. Последующее списание денег осуществляется в эту же дату следующего месяца. В случае если абонент подключился к тарифному плану в последний день месяца, то датой следующего списания денег с лицевого счета абонента будет последний день следующего месяца», – говорится в информационном сообщении.

Азат ПЕРУАШЕВ:

# ПЕРЕСМОТРЕТЬ СЫРЬЕВЫЕ КОНТРАКТЫ!



**Азат Перуашев призвал поставить вопрос о пересмотре сырьевых контрактов и более адекватном вкладе в экономику Казахстана крупных иностранных инвесторов – об этом он заявил, выступая в Мажилисе 29 ноября т.г. на встрече с НПП «Атамекен».**

При этом председатель демократической партии напомнил о поручении президента К.Токаева о поддержке среднего бизнеса, данном в Послании. «Это поручение особенно актуально на фоне критического сокращения средних предприятий, число которых за последние 10 лет упало в 3,5 раза», – пояснил А.Перуашев.

Решение этой проблемы потребует массового появления новых предприятий. С учётом нашей специфики, огромные резервы в этом смысле скрыты в переработке природных ресурсов, передаче сырьевыми гигантами закупок оборудования и сервисного обслуживания казахстанским партнёрам, введение соответствующих законодательных требований через офсетную политику и офф-тейк контракты, по примеру фонда «Самрук-Казына».

Лидер «Ак жола» подчеркнул, что, по его мнению, сдерживающим фактором здесь выступают договорные обязательства перед крупными инвесторами, принятые нашей страной в первые годы Независимости. Но с тех пор выросло целое поколение, и Республика стала другой, и многие иностранные компании сполна заработали на наших природных богатствах.

«Возможно, пора ставить вопрос о более адекватном участии иностранных сырьевых гигантов в развитии и модернизации экономики Казахстана, увеличении доли Казахстана в разделе продукции и обслуживании таких компаний, вплоть до создания с их участием производств техники и комплектующих, сервисных центров и иных служб, используемых при добыче наших натуральных ресурсов.

К примеру, за четверть века все инвесторы и иностранные подрядчики вместо того, чтобы тащить к нам работников со всего света, вполне могли обучить и вырастить требуемых им специалистов и руководителей из казахской молодёжи, и даже помочь местному бизнесу наладить производство используемого оборудования», – считает Азат Перуашев.

В этой связи он отметил встречу президента Касым-Жомарта Токаева с руководством китайской CNPC 13 ноября т.г., где были подняты вопросы защиты прав казахстанских работников. Известно также, что Правительство и министерство энергетики ведут работу по расширению казахстанской доли в КРО.

«Партия «Ак жол» решительно поддерживает подобные усилия в отстаивании национальных экономических интересов перед крупными иностранными инвесторами. Мы считаем, что этот чувствительный вопрос должен быть в числе приоритетов Правительства и НПП «Атамекен», – подчеркнул А.Перуашев.

# ПЕРУАШЕВ ПОСЕТИЛ ПУНКТЫ КАЗАХСТАНСКО-УЗБЕКСКОЙ ГРАНИЦЫ

**8 декабря председатель партии «Ак жол» Азат Перуашев и его заместитель Берик Дюсембинов, а также представители Шымкентского филиала партии посетили несколько пунктов перехода казахстанско-узбекской границы и ознакомились с их работой.**

Причина приезда руководства «Ак жола» – жалобы бизнесменов на существующие проблемы при пересечении границы. Во-первых, пересечение границы занимает много времени – на пунктах перехода огромные очереди. Через пункты, рассчитанные на пропуск 5000 человек, проходят до 40 000 человек ежедневно.

Материально-техническая база таможенных переходов нуждается в существенной модернизации. Кроме того, необходимо и увеличение количества контрольно-пропускных пунктов.

Руководитель «Ак жола» заявил, что этот вопрос будет подниматься фракцией в ходе парламентской работы, информация будет доведена до уполномоченных госорганов.

*Пресс-служба «Ак жола»*

№51 (869), 16 jeltoqsan, 2019 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Тағы да талас. Тіл төңірегінде. Онда да, отау ішіндегі орта қазанға ортақтас «көп ұлттың» бірінің тілі емес, Мемлекетті құрушы ұлттың, қазақтың тілі, Қазақстанның Мемлекеттік тілі төңірегінде. ҚР Президенті жанынан құрылған Ұлттық сенім кеңесінің кей мүшелері Қазақстанда қазақ тілінің мәртебе алып, арнайы Заң болып бекітілгеніне бөтен ойлы екенін білдіріпті.**
**Бұл туралы күні кеше ғана журналист Өмірзақ Ақжігіт жазды. Белгілі эколог Азаматхан Әміртай да қазақ тіліне қырын қарайтындарға ашық қарсы шығып, өткір пікір білдірді. Қазақтілді ақпарат құралдары да аталған мәселеге мән беріп, дабыл қақты. Тіл тағдырына қатысты таласта «тілімізді тістеп» қалу – арымызға да, азаматтығымызға да сын! Ендеше рет-ретімен жазайық...**
**Елдің екінші сайланған президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел-халыққа есім-сойы танымал азаматтарды жиып, кеңес құрғанын білесіздер. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі (17 шілде 2019 жыл. №63 Жарлық). Оған қырықтан аса кісі мүше болды.**





# ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚЫРЫН ҚАРАЙТЫНДАР – ӨЗІМІЗДІҢ АЙЫРТІЛДІЛЕР

### ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

Сол кеңестің алғашқы отырысы өтіп, онда бірлі-жарым адам баяндама жасады. Баяндаушылардың бірі – кеңес мүшесі, ақын Қазыбек Иса еді. 6- қыркүйектегі жиында Қазыбек Иса: «Ұлттық мүддені қорғау – мемлекеттік тілден басталады» деп сөйледі. ***«Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін барлығымыз жұмыла әрекет етіп, барлық жерде мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауымыз керек! Ол үшін Атазаңда Мемлекеттік тіл өз мәртебесін жеке дара иеленуі үшін 7-баптың 2-тармағын алатын уақыт жетті. Бұл Халық талабын алдымен Қазақстан Халқы Ассамблеясы қолдауы тиіс!»*** деді.

Алып-қосарыңыз бар ма? Әңгіме ҚР Конституциясының 7-бабы туралы. 7-баптың 1-тармағы: ***«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі».***

«Алып тастау керек» деп отырған 2-тармақта: ***«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»*** деген мінәйі мәселе бар.

Ал **«ҚР тіл туралы»** 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңының **4-бабында:** *«ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР әрбір азаматының парызы»,* – деп тайға таңба басқандай жазылса, дәл осы Заңның **5-бабында:** *«Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»,* – деп жазылған.

Осы бір екіұшты Заңдар мен мемлекеттік тіл төңірегіндегі таластың тоқтаусыз жүріп жатқанына, міне ширек ғасырдан асты. Бөтен тілге буазкөңіл біреулер 7-баптың 2-тармағы мен 151-Заңның 5-бабына жата кеп жармасып, өліспей беріспестей болып келеді.

### «НИКТО ВЕДЬ НЕ ЖЕЛАЕТ ИДТИ ПО ПУТИ МИХАИЛА ГОРБАЧЕВА»

Міне қараңыз, **«Время»** гәзетінің ресми сайты. 10-қыркүйек күні **«Политолог Данияр АШИМБАЕВ – о первом заседании НСОД: Президенту нужен тайм-аут»** атты сұхбат жариялапты.

Президент қатысқан сол бір жиыннан алған әсерін ақтарылып-төңкеріліп айтқан «саясаткер» Әшімбаев «билік базынадан гөрі нақты ұсынысты қалайды» депті. Хош! Нақты ұсыныстар айтылмады деген және өтірік сөз. Саясаткер Айдос Сарым, Айман Омарова, Ермек Тұрсынов, Рақым Ошақбаев, Қазыбек Иса т.б. бірқатар азаматар сол жиында сөз алды. Нақты ұсыныстар айтты.

Қазыбек Иса демекші, жаңағы «саясаткер» Әшімбаев Мемлекеттік тілге мәртебе беріп, Заң қабылдауды сұраған Қазыбек Исаның ұсынысын «күлкілі» һәм «қауіпті» деп бағалапты.

Әңгімесінің әлқиссасын «радикалды ұсыныс айтушылар – Горбочевтің тағдырын ұмытқан ба?» *(Никто ведь не желает идти по пути Михаила ГОРБАЧЕВА, когда начинали вроде с хороших и нужных реформ, а закончилось все кровопролитием и развалом страны)* деп бастаған Әшімбаев бүй дейді:

«***Довольно опасное, на мой взляд, предложение прозвучало из уст Казыбека ИСЫ о необходимости дальнейшего развития государственного языка.***

*Прежде всего отменить норму закона о языках, согласно которой в стране установлен список профессий, для которых знание госязыка является обязательным.* ***То есть он предложил сделать так, чтобы знание госязыка было обязательным для любой профессии. В условиях фактического двуязычия эта инициатива является дискриминационной и провоцирующей обострение межнациональной ситуации в стране.*** *Кроме того, он предложил разработать новый закон о госязыке и создать отдельное агентство по государственному языку».*

*«Яғни, Ол (Қазыбек Иса – ред.) мемлекеттік тілді білуді кез келген кәсіп иесіне міндеттеуді ұсынды. Қостілділік жағдайында бұл ұсыныс – елдегі ұлтаралық жағдайды ушықтырып, алалаушылықты қоздыратын бастама»,* – дейді.

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ МӘРТЕБЕ БЕРУ – «РАДИКАЛДЫ», «ҚАУІПТІ» ҚАДАМ БА?

Әшімбаевтың айтуынша – Мемлекеттік тілге мәртебе сұрау, оны арнайы Заңмен бекітіп, баршаға міндеттеу – елдегі ұлтаралық араздықты тудыратын, тілдік алашаушылықты қоздыратын қауіпті ұсыныс екен. Мемлекеттік тілді білуді баршаға міндеттеу – ұлтаралық араздықты қоздыратын қауіпті фактор болса, Әшімбаев мырза «ҚР Тіл туралы» №151 Заңының 4-бабы – Конституцияға қайшы дегенді де меңзеп тұрса керек... Өйткені, дәл сол 4-бапта: ***«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР әрбір азаматының парызы»***, – деп тайға таңба басқандай жазылған.

Әрі қарай, *«Меніңше, мәселені ономастика мен терминология комиссиясының жұмысына бұрғаны жөн болар еді. Тілдік мәселелерге бөлінген миллиардтардың есебін сұрайтын, республикалық бюджетті бақылайтын Есеп комитеті тексеру жүргізуін, бұл бағдарламалардың аса сәтті болмағынын ескеріп, оны конкурстық негізге көшіру мәселесін көтергенде...»,* – деп жалғапты ойын. Тілді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың сәтсіздігін айтқанын ақылға сыйдырсақ та, қазақ тілі туралы Заң қабылдау – ұлтаралық араздықты қоздырады деп сөйлегенін еш ақтап ала алмаймыз.

Данияр Әшімбаевтың сұхбатына қарап отырып, ҰҚСК-дегі үш жұмыс тобынан сөйлеген алты спикердің ішінде іліп аларлығы жоқтың қасы екен деп ой түюге болады. Мысалы, саясаттанушы Айдос Сарымдар сөйлеген саяси топтың сөзін Президент жай тыңдаған. Ешбір ұсынысын түртіп алмаған. Кейбір топ өз ұсыныстарын сол жиын болардың аз-ақ алдында әзірлеп үлгерген. Айман Омарова өз жұмыс тобымен ақылдаспай, өз бетінше сөйлеген. Рақым Ошақбаев бірді айтып, бірге кеткен. Кеңес мүшелерінің арасында білім-ғылым мен медицина туралы айтатын адам болмаған. Қазыбек Иса тіпті «қауіпті» ұсыныс айтқан. Ішіндегі ең тәуірі Ермек Тұрсынов екеуі-міс.

Жә, айтпағымыз ол да емес. Тілге оралайық...

### ЕЛ ХАЛҚЫНЫҢ 80 ПАЙЫЗЫ ҚАЗАҚТІЛДІ

«Тіл туралы» заң алғаш 1989 жылы қабылданғаны белгілі. Содан бері 30 жыл. Тіл мәселесі, осы күнге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Иә, 1989 жылмен салыстырсақ, тәубе дерлігі көп. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейді. Қоғамдық талаптың тілі, ғылым мен білімнің, керек десеңіз, қоғамдық саясаттың тілі қазақыланды. Елде 18 миллионнан көп жан саны бар десек, сол 18 миллионның 71 пайызы – мемлекетті құрушы ұлт, қазақтар. Осыдан екі жыл бұрынғы дерек бойынша (2017 жылғы), халқымыздың 80 пайызы қазақтілді. Екі жылда бұл көрсеткіштің өсе түскені тағы рас. Өйткені, биылғы қаңтар-қыркүйек есебі бойынша 34,2 мың адам өзге елдің азаматтығын алған екен. Олардың 90 пайызы ТМД елдеріне көшкен. Әсіресе, соңғы жылдары Солтүстіктегі сойы бөлек жұрт іргедегі елге (Ресейге) кетіп жатыр деген ақпарат аз-аздан жариялана бастады. Тәуелсіздік алған 1991 жылы елдегі қазақтардың саны баржоғы 40 пайызды құраса, қазір 70 пайыздан асады. Мәселен, бір ғана Қызылорда өңірінде 97 пайыз қазақтар тұрады. Ал 1990 жылдардан бері қарай елімізден жарты миллион неміс, 2-3 миллион орыс кетті.

### «КӨПҰЛТТЫЛЫҚ» – САЯСИ МАНИПУЛЯЦИЯ ҚҰРАЛЫ

Әрине, этностатистика табу салынған тақырып десек те, ресми статистика осы көрсеткіштің төңірегінде екені және факт. Азды-кем айырмашылық болатыны сөзсіз. Өйткені, «көпұлттылық» бұл – саяси тетік. Манипуляция құралы ғана. Ал, қазақты, оның тілін доминантты ету – биліктегі мүдделі топ үшін өте-мөте тиімсіз. Бұл екінің-бірі білетін жайт. Десе де, экс-министр (Мәдениет және спорт министрі) Арыстанбек Мұхамедиұлы Астанадағы ақ жағалылардың бір жиынында 80 пайызды сескенбей айтып қалған. Есімізде.

Шындығында, бейресми деректе Қазақстанда абсольютті доминант тіл – қазақ тілі, басым ұлт – қазақ болды. Енді оған шетте жүрген 5 миллионға жуық қазақтілді қазақты қоса есеп қылыңыз... Демек, біз көп ұлтты құрама мемлекет емеспіз. Біз – унитарлы мемлекетпіз. Яғни, доминантты ұлттың қалауы орындалуы тиіс. Анығында демкоратиялық принцип те бұған қайшы емес.

Алайда, осы 30 жылда тіл мәселесі толық шешімін тапты десек, және қателесеміз. Елімізде қазақ тілінің конституциялық мәртебесі толықтай бекімей – бұл мәселе күн тәртібінен түспейді. Бұл – факт!

Ал жаңағы «саясаткер» Данияр Әшімбаев сынаған «мемлекеттік бағдарламалар» неге сәтсіз? Миллиардтар бөлініп жатыр ғой. Оған бір ғана себеп бар. Ол – «қостілділік». Иә, жаңағы 7-баптың, 2-тармағы – мемлекеттік тілді дамыту саясатын жүргізуге кедергі келтіріп отыр. Ал енді осының шешімі ретінде – Мемлекеттік тіл туралы Заң қабылдауды ұсыну – Әшімбаевтар үшін «радикалды», «қауіпті» қадам-мыс.

«Әрбір азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті». Мұны Конституция міндеттейді! Жоқ, біз жаңағы Әшімбаев айтқандай, «Ойбай, шу шығып кетеді», «Ойбай, бірдеңе боп қалмасын» деген мәймөңкеліктпен, тілімізді тістеп қалып, бөтен мемлекеттің мемлекеттік тіліне мұқтаждықты қолдан жасап отырмыз. Ащы, болса да шындығы – осы.

### ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚЫРЫН ҚАРАЙТЫНДАР – ӨЗІМІЗДІҢ АЙЫРТІЛДІЛЕР

Ең сорақысы, қазақ тіліне қырын қарайтындар «Маша-Васялар» емес, өзіміздің айыртілді ала өкпелер секілді. Сенбесеңіз, Ассамблея дейтін әйдік ұйымның кез келген жиынын алып қараңызшы. Ел басшыларының алдында қазақша сөйлеп тұрған диаспора өкілдерін көресіз... Олар қазақша сөйлегенде, қос тілге басы айналып, басыбайлы құл қалған біздікілер жолда қалады...

Сонымен, мемлекеттік тілді білмейтіндер кімдер? Олар қонақтар ма, әлде осы елдің азаматтары ма? 30 жыл бойы ешкім олардың құқығын шектеген жоқ, тіпті, өзіміздің құқығымызды аяқпен таптап тұрып, олардың құқықтарын ерекшелеп бердік. Енді осындай жомарттық пен кеңдіктің қайтарымы болуы керек шығар... Жоқ, болуы керек! Ендеше Әшімбаевтар неден қауіптеніп отыр? Түсініксіз...

Тіл – кімнің кім екенін анықтайтын индикатор. Өкінішке орай, біз әлі сол кеңестік идеологияның интернационалистік инфекциясы жұққан дерттілермен дауласып келеміз...

**ТҮЙІН.**
**Тигон (tiger+leon) дейтін мақұлық жаратылыс бар. Жолбарыс пен арыстаннан шыққан шатыс. Қазақшаласақ – жолтан.**
**Жолтандар – жабайы табиғатта мүлде кездеспейді. Хайуанатар бағында ғана өмір сүреді. Жаратылысы да ерекше. Тұмса табиғаттың құшағына босатып жіберсе, аштан қатады. Себебі бітімі, сүйегі, бұлшық еті шабуға, аң аулауға мүмкіндік бермейді... Я жолбарыс емес, я арыстан емес, жер басып жүрген бір мақұлық...**
**Өкініштісі сол, бүгінде біздің арамызда да небір жолтандар жүр. Не орыс емес, не қазақ болғылары «келмейді». Олардың да жаратылысы дәл жаңағы жолдандардікіндей-ақ... Болмысы жолбарыстай ірі болып көрінгенімен, шамасы шектеулі... Олар да жолбарыс сияқты ірі, білімді, сабырлы көрінгенімен, табиғи жағдайда өмір сүре алмайды. Қолда өмір сүруге ғана қауқарлы. Сәйкестікті қараңыз...**

**Нұргелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ**
**Abai.kz**

# ЕЛДІККЕ ТІРЕК БОЛҒАН ЕГЕМЕНДІК

**«Аттың жалында, атанның қомында» дүниеге келіп, тірлік кешкен қазақ сынды уақыт пен кеңістікті бағындыра білген халық жер жүзінде кемде-кем шығар. Көшпенділердің тарыдай шашылған ұрпағы көк теңіз асып, құрылықтарды көктей өтіп, жазиралы өңірлер мен өлкелерді уысында ұстады, ұлттар мен ұлыстарды танып-білді. Кеңестік империяның «темір торына» түскен қазақ осындай еркіндігінен ұзақ уақыт қол үзіп қалды. Шет жұрттарға тек билікке «сенімді» өкілдер ғана жіберілді. Ал, білімге ұмтылған жастардың оқу іздеп, өзге мемлекеттерге баруына, ел көріп, жер көруіне тосқауыл қойылды, тіпті шетел тілдеріндегі оқулықтарды, газет-журналдарды пайдалануға тиым салынды, осылайша шынайы ақпаратқа жасанды жолдармен кедергі келтірген кеңестік билік сол арқылы халқымыздың өскелең ұрпағын мәңгүрттендіру саясатын ұстанды.**



Міне, алыстан орағытып, өзгелерді өшіріду көздеген осынау зымиян пиғыл, сұм саясат еркіндікті аңсаған халқымыздың ғасырлар бойы қан төгіп қорғаған, көксеген тәуелсіздігін тізгіндеп келді. Кеңестік құрсау қирап, ондаған ұлттарды уысында ұстаған одақ ыдырап, оның құрамындағы республикалар өз егемендігіне қол жеткізді. Соның бірі – біздің Қазақ елі болатын. Енді ішкі және сыртқы саяси, экономикалық, құқықтық еркіндік алған еліміз өз алдына, өз таңдауымен жаңа қоғам құруға мүмкіндік алды. Ол да оңайға соқпады, бұрынғы одақ бойынша шет шығармас үшін бір-біріне байлап тастаған қарым-қатынастар үзіліп, түрлі экономикалық қиындықтар алдымыздан шықты. Соған қарамастан сыртқы саясатты басты назарға алып, Біріккен Ұлттар Ұйымы 1992 жылы Қазақстанды тәуелсіз ел ретінде таныды. Сөйтіп Қазақстан шет елдермен саяси-дипломатиялық, экономикалық байланыстар орната бастады. Бүгінгі өмір сан-салалы, соның бәрінің тізгінін тең ұстап қатар дамыту керек болды. Әрбір салада атқарылған істерді толықтай тізіп шықпай-ақ, бұл байланыстар сонымен қатар білім мен ғылым саласындағы қарым-қатынастарды да алдымен қамтығанын айтқымыз келеді.

Дербес мемлекет ретінде оң солымызды енді ғана танып жатқан 1993 жылдың соңына таман Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Алдында айтқанымыздай, бұл бұрынғы одақтас республикалар арасындағы шаруашылық, мәдени, ғылыми тағы да басқа байланыстар шорт кесіліп, жуан жіңішкерген, ал жіңішке үзілуге шақ тұрған қилы кезең болғаны белгілі. Басқаны былай қойғанда, төл валютамыз да енгізілмеген-тін. Естеріңізге «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы Елбасы Жарлығы 1993 жылдың 5 қарашасында жарияланғанын, ал теңге туралы Жарлық сол жылдың 15 қарашасында ғана жарық көргенін сала кеткіміз келіп отыр. Сөйтіп егеменді еліміздің тарихында 1994 жылы бір топ қазақстандық студент тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. Әділін айтуымыз керек, таланты да талапты жастарға қамқорлық жасаған, мұндай бағдарламаны сол кезде бұрынғы он бес одақтас республика ішінен тек Қазақстан ғана біріншi болып қабылдады. Ал, сол республикалардың кейбірінің жағдайы сол кезеңде Қазақстаннан әлдеқайда ілгері болатын. Біз мұны мемлекетіміздің жастарға деген қамқорлығы, елдің болашағына деген көрегендік саясаты деп түсінгеніміз дұрыс. Өйткені елдің ертеңі, мемлекетіміздің болашақ тағдыры сол бүгінгі жастардың қолында болары анық. Сондықтан қуатты мемлекет боламын деген ел алдымен жастарына сапалы білім, саналы тәрбие беруге міндетті. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Біздің еліміз осы қағиданы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен-ақ берік ұстанып келеді.

Міне, содан бері ширек ғасырдан аса уақыт өтті. Ел көріп, жер таныған қазақтың сол кездегі білім қуған өрімдей жастары бүгінде мемлекетіміздің жан-жақты дамуына үлестерін қосып, түрлі салалар бойынша өз ісінің білікті мамандары болып отыр. Соған қарап, бағдарламаға жұмсалған мемлекет пен халық қаржысы босқа кетпеді деуге болады, қайтарымын көріп жатырмыз. Жастарымыз АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланд, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швейцария сияқты озық мәдениетті, өркениетті елдерде білім алды. Бұл орайда «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым бағыттар ретінде елді индустриалдық-инновациялық дамыту стратегиясы, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, денсаулық сақтау саласын реформалау, ғарыш қызметіне қатысты жоспарлау, ауылдық аумақтарды қайта жандандыру, мәдениет саласын өркендету, тұрғын үй құрылысын шұғыл жолға қою, «электронды үкімет» қалыптастыру, көлік қатынастары сынды стратегиялық құжаттарда көрсетілген экономиканың белгілі бір салаларындағы білікті мамандарға қажеттілік ескерілді. 2008 жылдан бастап ғылыми және педагогикалық қызметкерлерге ғылыми тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берілді, сондайақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер үшін академиялық бағдарламаларда оқу үшін квоталар енгізілді. 2012 жылдан бастап меншіктің кез келген нысанындағы ұйымдардың ғылыми, педагогикалық, медициналық және инженерлік-техникалық қызметкерлеріне кәсіптік тағылымдамадан 1 айдан 12 айға дейін өту мүмкіндігі берілді.

Осы жолдардың авторы да ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге арналған тағылымдама бағдарламасы бойынша 2012-2013 оқу жылында Польша Республикасының іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Адам Мицкевич атындағы Познань университетінде тәлім алған еді. Енді осы білім ордасы жөнінде аз-кем мәлімет бере кетейін. Бұл университет солтүстік-батыс Польшадағы ежелгі де ең ірі мемлекеттік оқу орны болып табылады. Оның тарихы бұдан 500 жыл бұрын епископ Ян Любранский негізін салған Любран академиясының мирасымен ұштасып жатыр. Ал, қазіргі заманғы үлгіге сәйкес университет 1919 жылы қайта құрылған. Университеттің 15 факультетінде бүгінде 47 мыңнан астам студент білім алуда. Поляк жастарының 85 пайызынан астамы бір немесе екі шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін жетік біледі. Шетел тілдерін оқыту Адам Мицкевич университетінде жақсы жолға қойылған. Оқу орнында ағылшын тілін жастармен қатар егде тартқан кісілер де ықыласпен оқып-үйренуде. Оқу орнындағы түркітану зерттеулерінің негізін белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Хенрик Янковский қалаған. Университет өзінің жүз жылдық мерейтойын биыл 2019 жылы атап өтті. Қалтасы жұқа студент Еуропа мемлекеттерінің көпшілігіне ұшақпен 2 сағат ішінде жететін, Берлин мен Варшаваның дәл ортасында орналасқан білім қуған талапкер үшін өте жайлы Познань қаласы Еуропадағы ең беделді ғылым мен білім ордасының бір болып отыр.

Менің өз басым тағылымдамадан өткен университеттің маңдайалды факультеттерінің бірі саяси ғылымдар және журналистика факультеті болып есептеледі. Мұнда аты айтып тұрғандай журналистика, саясаттану, халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша білікті мамандар даярлайды. Бакалавриат, магистратура, докторантура сияқты бөлімдерде төрт мыңдай студент білім алуда, 90-нан астам оқытушы, соның ішінде 31 доктор мен профессор жұмыс істейді. Сондай-ақ, өзге факультеттерден, Познаньның өзге жоғары оқу орындарынан ғалымдар мен кәсіптік орта өкілдері сабақ беруге шақырылады. Практиктер арасында белгілі журналистер, жарнама агентіктерінің мамандары мен баспасөз хатшылары жетерлік. Факультет қазіргі үлгімен салынған жаңа да кең ғимаратта орналасқан. Мұнда соңғы техникамен жарақтандырылған студенттік телерадиостудия жұмыс істейді, бұл жерде студенттер өздерінің аудио және тележазбаларын монтаждайды. Студия тілек білдірушілерге сабақтан кейін камера мен диктофон бере алады. Оқу ғимаратында бай кітапхана бар, мұндағы кітап қоры 28000 дана. Кітаптарды есепке алу электрондық тәсілмен жүргізіледі. Студенттер залдағы тұрақты компьютерлерді, сондайақ өз ноутбуктерін пайдалана алады. Мұнда өзге шет ел тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де кітаптар мен газет-журналдар бар. Факультет 28 шет елдік оқу орындарымен байланыс орнатқан. Айта кету керек, бүгінгі күні біздің елімізде де осы деңгейлес жоғары оқу орындары қалыптасып, жұмыс істеп жатыр. Солардың бірі – биыл халықаралық рейтингте жоғары орынға ие болған Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті.

Білім мен ғылым саласында халықаралық тәжірибе алмасу әдісі өте тиімді және пайдасы мол. Өйткені, өзгелердің ұтымды тәжірибесін үйрену ешқашан артықшылық етпейді. Польшаға тұғырлы тұлға, мезгілсіз қазасы қабырғамызды қайыстырып кеткен ардақты азамат Жұмабек Кенжалин және елімізге танымал Сапарбай Парманқұлов, АнарТөлеухан, Кәкен Қамзин сынды белгілі қаламгерлеріміз келіп, елдің қалаларымен және кәсіпорындарымен, университеттің жетістіктерімен танысып қайтты. Сондай-ақ Познань университетінің проректоры, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Тадеуш Валлас мырза бастаған бір топ журналист-ғалымдар Алматыға қарымта сапармен келіп, салиқалы ғылыми бас қосуларға қатысып, тәжірибе алмасты. Делегация қаламыздың бірқатар жоғары оқу орындарында болып, оқытушы-профессорлар құрамымен және студенттермен жүздесті. Сөйтіп, екі ел ғалымдары мен қаламгерлері арасындағы баянды байланыстарға негіз қаланып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Бүгінде стипендиаттарды неғұрлым сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін шетелдік жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар күшейтілді. Бұл орайда білім ошағы ретінде ұсынылатын жоғары оқу орындарының саны Times Higher Education, QS World University Ranking Academic Ranking of World сынды әлемдік рейтингілерінде көрініс тапқан жоғарғы деңгейдегі қуатты ғылыми базасы мен зерттеу университеттері бар таңдап алынды. Осы арқылы бағдарламаның мәні мен маңызын, қайтарымын арттыру көзделіп отыр.

Бүгінгі күні білім саласына аз қаржы бөлініп жатқан жоқ. Егемендіктің арқасында бұрынғыдай орталыққа, Мәскеуге жалтақтамай жастарға білім беруге баса назар аударылып келеді. Білікті мамандарды даярлау арқылы еліміздің экономикасын еселеуге, мемлекетіміздің құшқуатын арттыруға болатынына көз жеткізіп отырмыз. Өткен жылды біз «Жастар жылы» деп атап, оларға барынша қолдау көрсеттік. Олардың алдында тұрған білім алу, жұмыспен қамтылу, баспаналы болу сияқты бірқатар мәселелері толықтай болмаса да шешімін тапты. Ол алдағы уақытта да тұрақты түрде мемлекет назарында болуға тиісті. Бұл туралы жақында өткен жастармен кездесу барысында ҚР Президенті Қасым-Жомар Тоқаев атап көрсеткен болатын.

Жеті өлкені шолып, жеті жұрттың тілін білген, егемендіктің қадірін жете түсінген қазақтың бүгінгі талантты ұрпағының басты мақсаты елдік туын асқақтата отырып, болашаққа буындарға табыс ету. Бұл мерейлі міндет абыроймен орындалады деп сенеміз.

*Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,*
**Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінің профессоры**

# КОЛБИННЕН ҚАЙМЫҚПАҒАН РЕКТОР

**1986 жылдың Желтоқсан көтерілісі жөнінде әңгіме ел ішінде әлі бар. Сол бір тарихи оқиға кезінде Алматы қаласының мыңдаған жастары қатысса, олардың арасында студенттер де аз болмаған. Әсіресе, Брежнев алаңына жақын орналасқан Ауыл шаруашылық институты (СХИ) мен Зоотехникалық-малдәрігерлік институтының (АЗВИ) студенттері де белсенді қатысып, алаңда болғандығы жөнінде деректер аз емес. Біз сол жылдары Зоотехникалық-малдәрігелік институттың ректоры болған, ауыл шарушылығы ғылымдарының докторы, профессор Қалдыбек Сәбденовпен жолығып, әңгімеге тартқан едік.**



**– Сіз 1983-1996 – жылдар аралығында Зоотехникалық- малдәрігерлік институтта ректор болыпсыз. Реңжімесеңіз 1986 жылдың 16-17 желтоқсан күні қайда болдыңыз?**

– Желтоқсан айының 14-16 күндері кезекті еңбек демалысымды алып, Алматы санаторийінде демалып жүргенмін. Демалғаныма не бәрі екі күн өткен. Менімен қатар Семей обкомның бірінші хатшысы Сағидолла Құбашев та санаторийдің люкс корпусында дем алып жатты. Ол кісімен бұрыннан таныстығым бар еді және қарым-қатынасымызда болды. 17 желтоқсан күні таңертең ем қабылдауға барғанымызда екеуміз кездесіп қалып амандастық. Әңгімені Сәкең бастады. «Қалыбек, кеше Орталық Комитеттің Пленумы өтті. Димекең өз өтінішімен босады. Орнына Колбин деген біреуді сайладық. Пленум болардың алдында мен Димаш Ахметұлына кіріп шықтым. Ол кісі өзі өтініш бергендігін айтып, Қазақстан жігіттеріне ризамын деді. Құдай ғұмыр берсе, сендердің жақсы еңбектеріңнің нәтижесін көріп, әлі де бірге өмір сүреміз ғой деді. Мен Димекеңе бұдан кейін сенім көрсетіп өсіргеніне шын рахметімді айттым. Жалпы Димекеңнің көңіл-күйі жаман емес сияқты», – деп жаңа хабарды жеткізді. Сағидолла Құбашұлының берген ақпараты маған бір түрлі әсер етті. Екеуіміз бұдан кейін ем алуға кеттік. Палатаға сағат 11-лер шамасында келсем телефон безектеп жатыр. Қоңырау соққан проректор М.В.Хван екен. Амандықтан соң, ол қобалжығанын жасыра алмай, асығып-үсігіп, үлкен алаңға студент жастар жиналғанын, оның ішінде біздің институттың балалары да бар екенін айтты. Республика мен қала басшылары институттарға қоңырау соғып, шара қолданыңдар деп жатқанын хабарлады. Жағдайдың қиын болғанын естіп, түстен кейін институтқа бірден келдім. Институттың проректорлары мен декандарын, партия, комсомол, кәсіподақ жетекшілерін және белсенді студенттерді жиып, жағдаймен таныстым. Студенттердің қауіпсіздігі және бір нәрсеге ұрынып қалмау керектігін ұжымға қадап айттым. 17-желтоқсан күні таңертең біздің институттың студенттерінің 70-80 пайызы сабаққа келіпті. Оқиғаны осында келгенде бірінен-бірі естіп, көбісі алаңдағы жиын не екен, не істеп жатыр деген жақсы сезіммен барған көрінеді. Бірақ сағат 10-11-лерде алаңға Ішкі істер министрлігінің милициялары мен жауынгерлері қоршап алғандығы туралы әңгіме айтылды. Сырттан алаңға адам кіргізбей қойыпты. Біздің студенттер алаң айналасында жиылған халықпен араласып жүрген. Бірі қоршалған алаңда болса, бірі сыртта жүрген. Олардың көбі алаңдағы жағдайды көріп, жатақханаға, кейбіреулері кесте бойынша сабағына оралған. Біздің басқосу жиынымызда алаңда болып жатқан жағдайды ескеріп, олардың бір нәрсеге ұрынып қалмауына және қауіпсіздігіне мән беруді ойластырдық. Оқу корпусынан тысқары тұратын студенттерді жатақханаға жиып, түнімен үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздік. Негізгі мақсатымыз студенттерімізді қауіпке ұрындырмау, әскери күштің тағынан қорғау, жағдайды түсіндіру еді. Сол күні түстен кейін Алматыға шеттен Ресей, Украинадан біраз қарулы қол алып келіп, САВО-ның зеңбірек – танкілерімен алаңды, Орталық Комитетті, Үкімет үйін қоршап, қорғауға алыпты. Кешке қарай сол әскери күш біздің институтты қоршап, барлық жатақхана, оқу-лабораториялық корпустарды тінтіп, «жауды» оның «қару-жарағын» іздеуге кірісті. Олар менің ректор екенімді және партия хатшысымын дегендерге пысқырып қараған да жоқ. Біздің бәрімізді «жау» деп білген сыңаймен күшке салды. Бірақ еш жерден ештеңе таба алмай, түннің бір уағына дейін бізді әбігерге салды. Бұдан кейін әр жерге күзет қойды да өздері кетті. Көп кешікпей институт, мекеме басшыларын партия активіне шақырды. Институттан мен және партия ұйымының жетекшісі Е.Есентаев екеуміз бардық. Партактив түнгі сағат 2-3-терде облыстық партия саяси үйінде (Құрманғазы мен Ленин (қазіргі Достық даңғылы) көшесінің қиылысында) өтті. Оған жаңадан сайланған ОК бірінші хатшысы Г.Колбин, СОКП ОК бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары Разумов, саяси бюроның мүшесі Соломенцев, Орталық Комитеттің хатшылары Мирошхин, Камалидинов, Алматы обкомының бірінші хатшысы Меңдібаевтар қатысып отырды. Активте менің есімде қатты қалғаны Камалиденов сөзінің ішінде студент жастарды кінәлай келіп, алаңдағылардың басым көпшілігі қазақ балалары көбі зоовет пен ауыл шаруашылық институтының балалары, бұған оқу орнынның басшылары кінәлі деген сөздері ауыр тиді. Жиында мардымды қаулы қабылдаған жоқ. Орталықтан келген және Қазақстанның жаңа басшылары облыстың еңбеккор, өте жауапты қызметте ысылған басшыларына ұрсып-ұрсып алаңдағы жастарды жинап тезге салып, тәртіп орнатыңдар, – деген бұйрық беріп жіберді.



18-желтоқсанда сағат 10-ға барлық ректорларды Орталық Комитетке шақырды. Колбин, Мирошхин, Камалидиновтер бәрімізді әбден «қорқытып», орындарыңнан аламыз, отырғызамыз деген сөздерді аямай айтып, «бүгін алаң тазаратын болсын, тыныштық орнатыңдар» деп тапсырманы берді. Ол күні біздің институтта студенттердің 80 пайызына сабақ болды. Бірақ түске қарай қаланың жағынан қолдарына темірсойылдар алған жігіттер топ-тобымен келіп, оқу орнының ғимараттарының есік-терезелерін сындырып, оқып отырған студенттерді мұғалімнен қоса сыртқа айдап шықты. Содан балалардың біразы жатақханаға, біразы өз беттерімен көшеге кетті. Түннің бір уағында институт мұғалімдері студенттерді жатақханаға жинап, тыныштық көрмей жұмыс істеді. Осының арқасында студенттер өз орындарында болып, орынсыз жазалаудан жастарымыз аман қалды. 19-желтоқсанда саяси дүрбелең саябырсы бастады. 21-желтоқсанда таңертеңгі сағат 10-да Орталық Комитетке ректорларды және шақырды. Жиналысты Колбин ашып, сөзді Камалидиновке берді. Ол қайтадан баяғысына басып, Қазақстан Компартиясының XYI-съезіндегі сөзіне сілтеме жасап, жоғары оқу орындарында соңғы жылдары тек қазақ балалары оқиды. Әсіресе, зоовет, ауыл шаруашылығы, ҚазМУ-де көп. Бұл жоғары оқу орындарының басшылары ешқандай шара қолданбайды деді. Сөз кезегін алған Мирошхин біраз ректорларды жамандады. Колбин сөз алып, қортындылай берген кезде мен «Геннадий Васильевич, бізге сөйлеуге бола ма?» деп сұрақ қойғанымда, «сөйлеңіз-сөйлеңіз», деді. Мен өзіміздің студенттеріміздің алаңдағы оқиғаға еш қатысы жоқтығын ақтау үшін дайындалып барғанмын. Және де жаңадан келген Колбиннің Ульяновск облысының бірінші хатшысы болып жүргенде «Правда» газетіне жазған мақаласымен де танысып келген едім. Мақалада Ульяновск қаласында Кавказдан келген студенттердің үлкен көтерілісі болып, соның шығу себеп-салдары көрсетілген екен. Мен Колбинге қарап, «Сіз Ульяновск облысында бірінші хатшы болып жүргеніңізде «Правда» газетіне мақала жазыпсыз. Ол мақалаңызда жерлікті орыс халқының балалары ауыл шаруашылық институтына оқуға келмейді. Институт жабылып қалмау үшін біз Кавказдан балалар әкеліп оқытып деліпті. Мақалада студенттердің әлеуметтік жағдайы төмен болғанын, жатақханалардың жетіспеуі, жас ғалым отбасылардың үй-жайының болмағанын да атап өткен. Мәдени ошақтардың жетіспеуі, оқу базасының материалдық жағдайының төмен болуы деген сияқты мысалдар мақалада келтірілгенін оқи бастауым сол еді, екінші хатшы:

**– Сіз бұлай ақталмай-ақ қойыңыз, – деп сөзімді бөлді. Мен:**

– Қазірше өз сөзіме мен өткен жоқпын. Бұл мына төрде отырған Г.В. Колбин сөздері, себептері, – дедім мақаланы көрсеттім. Бюро мүшелерінің барлығы бір-біріне қарап, біраз қолайсыз күй кешкендей болды. Бұдан кейін менің сөзімді ешқайсысы бөлмеді.

– Бізде де олай емес, деп сөзімді жалғастырып, – елуінші жылдары орыс халқы селода көп тұратын. Олардың балалары ауыл шаруашылығының мамандығына оқитын. Қазір селода тұратын орыстар азайды.Олардың да жастары қалада өмір сүру үшін өнеркәсіптік мамандыққа оқуға түседі. Біздің АЗВИ-ға, СХИ-ға келген орыс балаларын қайтармай қабылдаймыз. Бірақ біз шет республикалардан оқуға бала әкелмейміз, себебі бізде ауыл шаруашылығының мамандары жетіспейді. Республикамыз ауыл маманына мұқтаж. Бұл бірінші айтайын дегенім. Екіншіден, Камалиденов зоовет пен СХИ нашар мамандар дайындап келеді деді. Ол сөз – негізсіз. Себебі, қазіргі Қазақстандағы ауыл, аудан басшыларының жартысы институт түлегі. Ал белгілі облыс басшылары Бородин, Алыбаев, Құбашев, Зарицкий сияқты көптеген азаматтар біздің институттарды бітірген. Қорғаныс министрлігінде бас мал дәрігер-генералы да біздің түлек. Қазіргі болған оқиғада біздің институттың небәрі 20 студенттің аты жүр. Олардың дені дүрлікпен, әшейін адами ана жерде не болып жатыр деген ниетпен ешқандай жаман оймен бармағандар. Сондықтан, болған оқиғаға бағаны асықпай зерттеп-зерделеп барып беру дұрыс болар еді дедім де, сөзімді көбірек экономикалық, әлеуметтік факторларды мысалға келтіріп, көтерілістің себептеріне де тоқталдым.

Шынында да құқық қорғау органдарының күні-түні жұртта жоқты бар жасап, тексергеннің өзінде біздің институттан қатысқан адамдар аз болып шықты. Бірақ асыра сілтеумен, қалайда жауапқа тарту керек деп артық қаралап бір студентті соттады. Ол кейін шығып келіп, институтты бітіріп шықты. Ал мені содан кейін Орталық Комитет те, обком да шақырған жоқ. Сонда да аудандық партия комитеті бәрімізге «кінәлісіңдер» деп қатаң сөгіс жариялап тастады.

**– Сізден басқа Алматы жоғары оқу орындарының ректоры жазаланды ма?**

– Жазаланды. Елдің ардақтысы Өмірбек Жолдасбековті ҚазМУ-дың ректорылығынан кетірсе, Халық шаруашылық институтының ректоры Нұрғали Мамыров та қызметінен алынды. Кейін қос азамат ақталып, жемісті еңбек етті. Білікті басшылар еліміздің жоғары білімі мен ғылымына өзіндік үлестерін қосты.

**– Желтоқсан көтерілісінен кейін Колбин сізді мазалаған жоқ па?**

– Араға екі ай салып, баяғы бюроға мені қайта шақырды. Бұл жолы маған оқу орнының дамуы бойынша үлкен жобаның дайындалуы және іске асыру керектігін жүктеп, сенімдерін білдірді. Сенімді ақтау үшін біздің ұжым игілікті істерге белсене араласты.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан**
**Жексен АЛПАРТЕГІ**

# ИМАНҒАЛИ – ПАЙҒАМБАР ЖАСТАҒЫ ПАРАСАТКЕР



### АДАЛ ДОС

Жақында, осыдан тура он күн бұрын қазақтың белгілі кино және театр тарланы, Қазақстанның Халық әртісі Талғат Теменнің 65 жасқа толу тойына досы Иманғали Тасмағамбетов Мәскеуден арнайы ат арытып жетті. Әрине, әдеттегідей Тәкеннің тойында қазақтың игі жақсылары аз болған жоқ. Екі президенттің құттықтауы оқылды. Мәдениет министрі Ақтоты Райымқұлова мен Астана мэрі Алтай Көлгінов бастаған бірқатар шенеуніктер қатысты.

Елдің бәрінің ең алдымен күткені – қазақтың саңлақ саясаткері, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткері, бүгінде орман орыстың елінде, Мәскеуде Қазақтың сөзін ұстап отырған мәртебелі Елшіміз Иманғали Тасмағамбетов еді!..

«Едігеден бастасам,
Ертегіге кетермін», – дегендей, Имекеңе келгенде іркілмейтіндердің қатарындамыз біз де...

Әсем мейрамханаға асықпай кіріп келе жатсам, құрметті қонақтардың бәрін құшақ жая қарсы алып тұрған Талғат Темен: «Ой, сені Иманғали ағаң сұрап жатыр, «келді ме?» – деп іздеуде, барғын», – деді. Салтанаты келіскен сарайдың атшаптырым айшықты залына кірсем, Имекең бір топ адамның ортасында тұр екен. Ел де Имекеңді ерекше ықыласпен іздесе, ағамыз да бауырларын сағынып қалыпты. Кең құшағын жайып, арқамыздан қағып, жағдайымызды сұрап, жанымызды жадыратып, жалымызды биіктетіп жіберді демде.

Тойдағы елдің күткені де Имекеңнің сөзі болды. Дикторларыңның өзі қызығатын саңқылдаған қазақы бояуы қанық қоңыр дауыс, қиядан шапқан, қисынын тапқан толғауы тоқсан шешендік, тереңнен тартқан көсемдік пен кенен ойлы кеңқұлаш кемелдік қатар қанат қаққанда тыңдаушыны да тыңға тарта жөнеледі.

Мерейтой иесі Талғат Теменге тілек арнағандардың барлығы да Имекеңе соқпай кеткен жоқ. Біз де той иесін құттықтап, «Ақ жол» партиясының «Қазақ хандығына 550 жыл» күміс медалын тапсырып, арнаған жырымызды оқып бердік. Әрине, «қолымызға түсіп қалған» Имекең туралы да ізгі лебізімізді білдіріп өттік...

Той арасындағы үзілісте де Имекеңмен біраз әңгіменің басын қайырдық. Жалпы, Имекеңді әр тыңдаған сайын әлденіп, тың ойларға нәрленіп, ойға шуақ, бойға қуат алып шыға келесің.

Имекеңнің әншілігінің өзі өз алдына бір төбе. Анау жылы интернеттен Имекеңнің әйгілі «Дос керек» деген әнін іздегенде «Сіз миллионыншы тыңдаушысыз» деген жауап келді. Мен қуанып кетіп: «Саңлақ саясаткердің сазды әні немесе Миллионыншы тыңдаушы болғаныма қуандым» деген әсерлі жазба жазып едім, бүгінде оны 125 мыңдай адам оқып, жүздеген пікір жазылыпты.

Имекеңнің бұл әнді орындауы да тегін емес. Имекеңнің әдебиет пен өнер тарландары Талғат Темен, Ұлықбек Есдәулет, Төлеген Мұхамеджан, Досхан Жолжақсын, Есенғали Раушан және т.б. азаматтармен адал достықтары елге үлгі боларлықтай.

### ҰЛТТЫҚ ҚАЙРАТКЕР

Премьер-министр, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігі басшысы, бірнеше рет вице-премьер, Білім министрі, Қорғаныс министрі, екі астана мен Атырау облысының әкімі болған Имекең қайда істесе де, жарқын қолтаңба, айқын із қалдырып отырды. Тек Ұлттық мүдде тұрғысынан идеологиялық қазақ болар қадау-қадау бастамаларының бірнешеуін ғана айтсақ та жеткілікті.

2000 жылы Иманғали Тасмағамбетовтың басқаруымен тарихшылар Моңғолияға сапар шегіп, әйгілі баға жетпес тарихи ескерткішіміз –Күлтегін тасын елге әкелуі ұлт рухын көтеріп кеткен Рухани серпіліс болды.

Бұйда білмес бурадайын,
Бұрқыраған жыр кенін,
Селдей аққан сезімімді
Енді қалай іркемін...
Салыстырса меніменен кім тегін –
Күллі әлемге куә болар Күлтегін!
Ерлік жырын жерге жазса
Желден жүйрік тұлпарының тұяғы,
Одан да ұшқыр ұлы түркі қиялы.
Тасқа тарих тастап кеткен
Қаныменен алмастырып сияны...
Көк астында көлбеп жатқан
Ұлы дала жазығы.
Өр намыспен суарылса
Көкберінің азуы,
Қара тасқа қаққан сына жазуы –
Ең алғашқы Өркениет қазығы!..–

деп, шабытымыз шалқып, «Күлтегін күмбірі» атты жыр жазғанбыз сол кезде. Кейін бұл өлеңіміз мектептегі «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясы оқулығына енгенін айтып жатты ел.

«Алматы қазақшаланбай – Қазақстан қазақшаланбайды» , «Қазақ тілі – халықтың жаны! Тіл бар жерде – Қазақ бар! Тіл жоқ жерде – Қазақ жоқ! Бітті! Бұдан басқа формула жоқ!», «Балабақшаның барлығы қазақ тілінде болуы тиіс!» Осындай маңызы зор қордалы мәселелердің шешімін табатын ордалы ойлар мен баянды бастамалардан-ақ Имекеңнің ұлттық қайраткерлік келбет-кескіні ерекше дараланып шыға келеді.

Осы бастамалардың бәрінде оған қарсы шыққандар өзге ұлт өкілдері емес, өзіміздің «өгей» саналылар болды. Олар туралы кезінде жеріне жеткізіп жазғандықтан («Орыстар Олжасты неге Алжас дейтінін енді түсіндім» 2005 жыл), қазір оған тоқталмай-ақ қояйық.

Ана бір жылы біздің биліктің қаһарына ілінген Виктор Храпунов та шетелдік баспасөзде қарымта қайтарып, Қазақстан билігі басындағылар туралы біраз әңгіменің шетін шығарды. Сонда Иманғали Тасмағамбетовтың да атын атап, сынап кетеді. Әңгіменің ауаны мынау: Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев, Иманғали Тасмағамбетов және Виктор Храпунов үшеуі отырғанда әңгіме арасында Иманғали Тасмағамбетов еліміздегі жер асты байлығынан Ел мен Жердің иесі – мемлекет құраушы ұлт – қазақтарға үлес беру туралы ойын айтып қалады. Сол кезде Храпунов: «Біз ше, өзге ұлт өкілдері не істейді?», – деп сұрайды. Сонда Имекең еш іркілместен: «Сендер елдеріне кетесіңдер» деп салыпты. Осы оқиғаны жазған Храпунов «Назарбаев Тасмағамбетовтың бұл сөзіне үндемеді, тыйып тастамады» – деп сынайды.

Бұл жерде Храпунов Тасмағамбетовты сынап отыр, ал оның бұл сөзі маған ұнап отыр... Өйткені «Қазаққа болсын» деген қайраткер қазаққа қалай ұнамасын... Өмір шындығы бұл.

Бұдан шығар қорытындыны әркім өзі жасай берер, біз баспасөзден оқығанымызды айттық.

### ИМАНҒАЛИ – РЕСЕЙДЕ ДЕ ИМАНҒАЛИ

Иманғали Тасмағамбетов кейінгі кездегІ ҚР Үкіметінің вице-премері кезінде «Балабақшаның барлығы қазақ тілінде болуы тиіс!»-деген ұсынысы айтыла салысымен-ақ ұзамай Ресейге елші боп кетті...

Біздің жоғарыда отырған орысқұл шенеуніктеріміз өзінің Тәуелсіздік алғанына 30 жылдай болған Қазақ елінде отырып, Қазақ тілінде сөйлемек түгілі, сөйлеу ойына да кірмей, «Қазақ» деген қасиетті ұлт атын айтуға бұрынғы қожайын елінен қорқып, құбыласын Кремльге қарап түзеп, Ресей тілінде сөйлеп жүргені бәрімізге белгілі. Ал Имекеңнің Ресейде Елші болып жүріп-ақ, кез келген жиында Қазақ тілінде сөйлеп жүргені біздің жоғарыда атап өткен орыстілді құлсаналылар үшін бойы түгіл ойы жетпес Биіктік!

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның:

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес – мінезден» – дегені осы шығар...

Сол кезде біз:

«Қазақ үні» ұлттық порталында 9-мамырда жарияланған «Тасмағамбетов РЕСЕЙДЕ де ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІ» атты мақаланы бір тәулікте 50 мыңға жуық оқырман оқыды. Яғни, бір мақаланы бір тәулікте 48 123 оқырманның оқуы – бұл тек қазақ сайттары бойынша ғана емес, бүкіл қазақстандық сайттардың ішінде рекордтық көрсеткіш! Ол үшін әрине, өз елімізде биліктегілер өзге тілде – Ресейдің мемлекеттік тілінде сөйлеп жүргенде, Ресейде елші болып, қызмет атқарып жүріп, Қазақстанның мемлекеттік тілінде сөйлеген, мемлекетшілдігін жарқын істерімен жарқыратып көрсетіп келе жатқан ұлтшыл қайраткеріміз Иманғали Нұрғалиұлына алғыс айтамыз.

Ал фейсбуктағы парақшаларымыз бен топтардағы бөлісулер мен комменттерде, лайктарда есеп жоқ.

Бұл – елдің елші болып сыртта жүрген сұлтанымыз Иманғали Тасмағамбетов тұлғасына деген зор назары мен ыстық ықыласын білдірсе керек», – деп жаздық.

«Иманғали – Ресейде де Иманғали» - деп, шын риза болып, шынайы пікірімізді айттық.

### РУХАНИЯТ ҚОЛДАУШЫСЫ – РУХ САРДАРЫ

Атақты Ататүрік, бүгінгі Түркия Республикасының негізін салған Мұстафа Кемалдың өнер адамдары туралы керемет тағылымды сөзі бар. «Біз бәріміз парламент депутаты бола аламыз, министр бола аламыз, тіпті республика президенті де бола аламыз. Бірақ ешқайсысымыз өнер адамы бола алмаймыз. Осылай болғандықтан да өнер адамы біздің емес, біз өнер адамының қолын сүйеміз» дейді дана тұлға.

### АЙТАДЫ ЕКЕН...

Бірде Алматы әкімі болып жүрген Иманғали Нұрғалиұлына «Бір ғана Алматыда екі бірдей Әуезов көшесі бар, бұл қалай?» деп журналистер тақымдап қоймапты. Олардың бұрын қала іргесі болған Каменка жақтағы Әуезов көшесін меңзегенін аңғарған әкім:

– Сабыр етсеңіздерші, екі Әуезов көшесі болса, онда тұрған не бар? Бізде онсыз да екі Әуезов бар емес пе? – депті ақырын ғана...

* * *

Қаршыға Ахмедияров Қытайдан бүйрегін жаңалатып келгеннен кейін, Алматы әкіміне кіріп: – Әй, Иманғали! Мен мынау Алматыдағы үлкен алаңда 20 000 домбырашының басын қосып, концерт бергім келеді, – депті. Сонда Имекең: – Ойпыр-ай, Қаршеке! Қытайдың бір бүйрегінің күші 20 мың домбырашы дегізіп тұр... Сонша домбырашы бар ма бізде? Екі бүйрегіңізді ауыстырсаңыз, не болады? – деген екен...

* * *

Әкімдердің кезекті есеп беруінде бір орыс кемпір іргедегі мешіттен шыққан азан дауысына наразылық білдіріпті. «Күніге 5 рет айқайлап мазамды алады» деген әлгі тұрғынға Имекең:

– Қашан 6-рет азан шақырады, маған сол кезде келіңіз, мәселені шешеміз, – депті. Мәселенің шешімін жедел тапқан әкімге кемпір қайта-қайта алғысын айтып, ырза болып кетіпті...



Біздің Имекең Ататүріктің осы сөзін іс жүзінде көрсетіп келеді. Руханияттың Алтын ордасы Алматының тізгінін ұстағанда ең алдымен қолға алғаны әдебиет пен мәдениет және өнер өкілдерінің жағдайын жасау болды. Алматының Жетісу ауданындағы «Құлагер» ықшам ауданынан ақын-жазушылар мен әншілер, суретшілер, жалпы өнер өкілдеріне баспана әперіп, шын мәнінде ықшамаудан өнер Құлагерлерінің мекеніне айналды.

Баяғыдан Алматыда ақындардың баспана зарын тартқаны айықпас мұңға, таусылмас жырға айналып келеді. Дауылпаз ақын Қасымның:

«Берсең бер, бермесең қой баспананды,
Сонда да тастамаймын астанамды.
Өлеңнің уытымен асыраймын,
Үйдегі жалғыз шеше, жас баламды» –

дегенінен бастап, Қазақ әдебиетінде Баспана тақырыбы бүгінге дейін өз алдына бүтін бір әлем болып келеді.

Ал Имекеңнің игі бастамасымен баспана зарын тартқан қаншама дарындардың басты мәселесі шешіліп, руханият әлеміне қаншама рухты шығармалар қосылды. Бір ғана мысал, дәл сол кезде биыл 50 жылдығы аталып өткен, құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өмірден өте шыққан жарқын талант, ақын, сыншы, мәдениеттанушы, ойшыл Әмірхан Балқыбек «Пәтерден пәтерге көшумен шаршадым, елге кетпесем болмайды» деп мұңын шағып отырғанын талай естіген едім. Кейін Имекеңнің игілігінің арқасында баспаналы болған бақытты қаламгерлердің алдыңғы қатарында болды да, Алматыда қалып, өзінің теңіздей терең білімі мен дара дарынының арқасында көпшіліктің жазбақ түгілі оқуға да тісі бата бермейтін туындыларын жазып кетті... Осы Әмірханға биыл қыркүйек айында «Құлагер» ықшамауданындағы үйіне ескерткіш тақта ілінгенде (ықшамаудандағы бірінші ескерткіш тақта болуы керек) Иманғали ағамыздың иманды ісі туралы біз де, өзгелер де зор ризашылықпен айтып жатты...

Негізі Имекеңнің Атырау облысы әкімі кезінде басталған бұл қамал бұзар қайраты Астана қаласының әкімі кезінде де жақсы жалғасын тапты.

Сөйтіп, «Әкемнің ойына келгенмен, қолынан келмейді, әкімнің қолынан келгенмен ойына келмейді» деп жүрген талай дарынның ең басты мәселесі – баспана мәселесі ойына да келетін, қолынан да келетін дара тұлғалы Иманғали Тасмағамбетовтың арқасында шешіліп қалған болатын.

Әрине, Имекеңнің бұл Өнер адамдарына жасаған жақсылығы Алладан қайтар, ал жоғарыдағы кейбіреулерден өзіне кедергі келіп, зияны тиген кезі де аз емес...

Ал Тәуелсіздік алған еліміздің енді ес жиып, етегін жауып жатқан қиын кезеңінде қаламгерлердің жүз кітабын шығарып, «Отырар кітапханасын» тірілткені өз алдына бір әңгіме.

Руханият қолдаушысы – Рух сардары Иманғали Нұрғалиұлының әдебиет пен мәдениетке көрсеткен қамқорлығын айта берсеңіз таусылмас жыр. Біз тек білетінімізді айтып отырмыз.

Имекеңнің табан астында тауып сөйлейтін тапқырлығы да жетеді.

Иманғали Тасмағамбетов Алматы қаласы әкімі кезінде Республика сарайында есеп беру жиынында бір орыс кемпір тұрып алып: «Орталық мешіттің қасында тұрамыз, күніне бес рет азан шақырып, мазамызды алады» – деп шағымданады. Сол кезде Имекең бірден: «Егер алтыншы рет азан шақыратын болса, тіке маған айтыңыз, дереу шара қолданамыз», – деп сарт еткізеді. Ел ду-у ете қалады. Азанның 5 рет шақырылатынынан хабары жоқ әлгі кемпір әкімге қайта-қайта рахмет айтып, риза болып кетті. Иә, Имекеңнің осылай қынаптан қылыш суырғандай тіліп түсетін тапқыр да, өткір жауаптары ел аузында жүр.

### ИМАНҒАЛИ САЛҒАН ИГІ ЖОЛ

Иманғали Тасмағамбетов Алматыға әкім болғанда «Алматы қазақшаланбай – Қазақстан қазақшаланбайды» деген тарихи сөзін айтты. Сол кезде кімдер қарсы болғанын жоғарыда айттық, талай жаздық та. Кезекті бір журналистермен кездесуінде мен осы сөзіне байланысты сұрақ қойдым, «Алматының қазақшалау ісі қалай жүруде?» –деп. Имекең сонда біраз жоспарларын айтты да бір мысал келтірді. Алматы қалалық Білім басқармасына басшы тағайындарда, таңдалған үміткер, мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахат Шимашева: «Мен орыс тілін білмеймін ғой» деп, басшы болудан бас тартқысы келеді. Сонда Имекең: «Бізге, Алматы қаласы Білім басқармасына, бұл саланы қазақшалау үшін орыс тілін білмейтін сен секілді қазақ тілінің маманы керек», – деп, тағайындайды. «Орыс тілін білмеймін» деп, басшылықтан бас тартқысы келген Рахат Шимашева содан Білім басқармасында тапжылмай он жыл істеді. Білім басқармасына қарасты іс құжаттарының бәрін қазақшалады.

Имекең тек идеолог емес, мықты шаруагер екенін де ел жақсы біледі. Бұлай биікке самғау үшін ең қажетті қос қанатты болу кез келген саясаткердің маңдайына бітпеген қасиет. Бұндай қабілет пен іскерлікті Имекеңнен кейін ел Ислам Әбішевтен көрді.... Қаладағы қаптаған кептелістерден құтылу үшін салынған Алматының айналма жолдары – Иманғали салған игі жол болғаны анық! Иманғали салған игі жолға, әрине, ұлттық мүддені қорғаудағы ұлағатты істерінің бәрі кіретіні анық.

Иманғали Тасмағамбетов Астана қаласының әкімі болып кеткенде Алматы халқы қимай қоштасты. Әрине, босаңсуға жол бермейтін қатал мінезді, талабы тастай Тасмағамбетовтен құтылғанына қуанған қала шенеуніктері де аз болған жоқ...

### ИМАНҒАЛИДЫҢ КЕЗІНДЕ АСТАНАҒА ЖАҢБЫР мен ҚАР ЖАУМАҒАН БА?

Астана қаласының әкімі бола салысымен Иманғали Нұрғалиұлы елорданы қазақыландыруды бастап кетті. Мыңнан аса көше қазақыланып, тарихи тұлғалар мен тарихи жер аттары қойылды. Қазір Астана көшелерін аралай қалсаңыз, Алашқа ардақты атаулардың шеруіне тап боласыз. Бұнда сол кездегі Астана қаласы әкімі Иманғали Тасмағамбетовтің, Астана қаласы Тіл басқармасы басшысы, кейін Мәжіліс депутаты болған қазақтың ұлтшыл қызы Оразгүл Асанғазықызының еңбегі зор. Сол кезде Оразгүл апай көптеген қаламгерлерге, соның ішінде маған да телефон соғып, қала көшелері аттарын жаңарту үшін тарихи жер аттарын сұрады. Сонда мен, Түркістан, Сауран, Сарайшық, Сығанақ, Созақ, Қазығұрт, Отырар, Ордабасы, Ақмешіт, Оқжетпес, Сырымбет, Алтай, Шардара, Жаркент, Нарын, Қызылқұм, Мойынқұм, Байқұм және т.б. атауларды ұсынған болатынмын. Кейін Астанаға ауысқан кезде сол атаулардың көбісін елорда көшелерінен көріп, қатты разы болған едім. Балабақшаларды қазақ тіліне аудару да осы кезде елордадан басталды.

Имекеңнің кезінде елорданың тазалығына ерекше назар аударылды. Түнімен жауған Арқаның қалың қары таң атқанша тазаланып, астананың жолдары айнадай жарқырап жататын. Аспан тесіліп кеткендей үздіксіз жауған жаңбырдан соң да жолдарды су бөгемейтін. Бәрі Иманғали Тасмағамбетов кеткесін басталды. Қалың қар жауған күні ертеңіне тазаланбаған жолдардың кесірінен бүкіл қала кептеліс алаңына айналды. Қатты жаңбыр жауған күндері қала көшелерінің қиылыстары көлшіктерге де айнала бастады. Елбасының өзі де бұған қатты ашуланып, ел «Венецияда жүрміз» деп, қала көшесіндегі «көлге» қайық салып жүзіп жүрген суреттерін интернетке салып, шу болды. Сот Астана көшесіндегі «көлшікке» қайық салғандарға айып салды...

Бұл келеңсіздік барлық жерде ашық айтыла бастады. 2014 жылы Имекең Қорғаныс министрі болып кеткеннен кейін екі айдан кейін 9-желтоқсанда Астанада «Алтын домбыра» айтысы болды. Айтысқа ел қалың қар жауып, жол тазаланбағандықтан кешігіп келді. Тіпті, зорға жеткен ақындардың көбісі де қар басқан жолды жырға қосты бұл жағдайды. Бұл туралы айтыстың қазылар алқасы төрағасы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков: «Елді, мына қазақты ешқашан алдай алмайсың. Ел біледі, кімнің не істеп, Ұлтқа қандай қайрат көрсетіп жүргенін. Жаңа ақындардың барлығы неге Иманғалиды аузынан тастамай айтуда. «Имекең болғанда «Конгресс-холға» тез жетер едім, жол таза болар еді, табаным таймайтын еді, Тасмағамбетовке сенген Елбасы оны ең қиын жерге жібереді, ол барған жер мықты болады – Қорғаныс министрлігі күшейетін болды», – деп жырлап жатыр. Ел разы болуда», – деп атап кетті.

Сол кезде мен осындай келеңсіз оқиғалардан соң, парақшамда пікір жазып едім: «Сонда бұрын Тасмағамбетов әкім болған кезде Астанаға қар да, жаңбыр да жаумаған ба? Ол кісінің тілегі Аллаға да жеткен бе?!. Бәрі Имекең кеткен соң басталды ғой», – деп.

Иә, кімнің кім екенін оның ісі мен сөзі арқылы Ел біледі!

### ИГІ ТІЛЕКТІ ИМАНҒАЛИЛАР

Имекең 2017 жылы Ресейге елші боп кеткеннен кейін бір аптадан соң біздің шаңырақта қуаныш болып, тұңғыш немереміз дүниеге келді.

Немеремізге ат қойған атасы, әдебиет пен өнерге қамқор белгілі қайраткер, ерекше іскер Ислам Әбішев пен біздің ойымыз бір жерден шығып, ел ардағы, рух сардары Иманғали Тасмағамбетов ағамыздың Алты Алашқа қадірлі есімін ырым етіп, ИМАНҒАЛИ деп қойдық.

Бұрын ел «Иманғалидың інісі» деп қалса, марқайып қалып жүретін едік. Енді осы уақытқа дейін азды-көпті біраз атағымызға ең сыйлы ат қосылып – «Иманғалидың атасы» боп шыға келдік, бір Алланың рақымымен.

Бұл үлкен қуанышымыздың хабары Мәскеудегі Имекеңе де жетіп, әр қазаққа болсын деп жүрген дара Иманғалидан бала Иманғалиға «Кішкентай аттасыма бақыт, береке тілеймін» деген Ақ бата келіп жетті.

Біздің немереміз нешінші Иманғали екенін бір құдай біледі!

Әр адам перзентіне ат қойғанда жақсылар мен жайсаңдардың, атақты ардақтылардың атын қоюға тырысады. Жалпы, балаға азан шақырып, ат қойғанда құлағына періште сыбырлап тұрады дейді. Игі тілекпен қойылған Иманғали есімділердің көп болуы да осыны аңғартса керек...

Алладан Иманғалилар игілікті бола берсін деп тілейміз.

Иманғали Тасмағамбетов 2016 жылы Үкіметте вице-премьер болып жүргенде Алпыстың асқар беліне шықты. Туған күніне бір-екі апта қалғанда, кеңесшісі, Имекеңнің сенімді серігі болып өмірден биыл өткен марқұм Жүнісбек Сұлтанмұратов, иманы саламат болсын, барлық редакция басшыларына жеке-жеке телефон соғып, Имекеңнің 60 жасқа толған мерейтойына ешқандай мақала бермеуді сұрады. Әрине, біз біраз тулап алдық та ақыры, түбі Имекеңнен шыққан өтінішті орындадық.

Енді міне, пайғамбар жасына толып отырған арда мінез ардақты ағамызға ақ тілегімізді ақтарудың сәті түскенде, қолға қалам алып отырған жайымыз бар.

Бүгін – бір сөзбен айтқанда Ұлт мүддесін қорғаушы біртуар ұлттық қайраткер Иманғали Нұрғалиұлының асқаралы 63-тің асуына шыққан күні.

Имандылықты ұстап жүретін Иманғали ағамыздың игі істері де аз емес. Атырауда «Иман» мешітін салғызғаны елге мәлім. Енді міне, 63 жасқа толып жатқанда көп шенеунік секілді әйгілі демалыс орындарын аралап кетпей, мұсылмандық парызын орындап, Меккеге қасиетті қажылық сапарға аттануы да ерекше тұлғаның тағы бір қырын жарқыратып кеткені анық. Қасиетті сапар Қабыл болсын, Имеке!

Пайғамбар жасындағы Парасаткер, нартұлға ағамызға Алаш бағына аман болыңыз, Алла жар болып, Жұлдызыңыз жарқырай берсін дейміз!

**Қазыбек ИСА**
*09.12.2019*
*qazaquni.kz*

# «КУӘНІ БІЗ ІЗДЕП ТАПҚАН ЖОҚПЫЗ, ОЛ БІЗДІ ӨЗІ ТАУЫП ОТЫР!»

Қорғаушылар тарабына осыдан біраз уақыт бұрын, сот залынан журналист Сәуле Әбединова «тікелей бейнерепортаж» жүргізуіне судья Қ.Мекемтас әлі тыйым салмаған уақытта, әлеуметтік желіден айыптаушы жақты басты куәсі, И.Әбішевтің үстінен арыз беруші А.Шәймерденовтің сотта куәлік беріп жатқанын кездейсоқ көріп қалған Фуат Ишмұхамедов деген көкшетаулық азамат хабарласып, «мен сотқа барып, өз еркіммен А.Шәймерденовтің кім екеніне соттың да, басқалардың да көзін ашып берейін, өйткені ол менің мектепте бірге оқыған кластасым, бизнесте бірге жұмыс істеген әріптесім, ол басқа тұрмақ менің өзімді миллиондаған теңгеге отырғызып кеткен алаяқ екенін айтып беремін» деп хабарласқан екен, қорғаушылар сол куәнің бүгін сотқа келуін өздері қамтамасыз етіп, судьядан жауап алуға рұқсат етуді сұрады. Судья «ол адамның берер куәлігінің біздің қарап жатқан іске тікелей қатысы бар ма» деген сұрағына қорғаушы Е.Мәкенов: «Қатысы бар, себебі біз куә А.Шәймерденовтің арандатушы екенін дәлелдеп жатырмыз, ал, бұл куә Шәймерденовті көптен бері білетін адам ретінде оның кім екенін, бет-бейнесін нақты ашатын адам» деді. Қорғаушы С.Жүсіпбаев әріптесі Е.Мәкеновтің ұсынысын толық қолдай отырып, судьяның есіне өзінің өтініш-хат бергенін, ол өтініш-хатта куә А.Шәймерденов И.Әбішевке қарсы алдын-ала тергеу ісі басталған кезеңде де, одан кейін де құқық қорғау органдары тарапынан салық түсімін жасырғаны үшін үстінен қылмыстық іс қозғалған адам екендігін, яғни, ол сол органдардың ықпалында болғандығы жайлы сотқа мәлімет бергенін, бүгінгі куә сол мәліметке жаңа мәліметтер қосатын маңызды куә екендігін» қосты. И.Әбішев: «Құрметті сот, біздің қорғаушыларымыз А.Шәймерденовтің куәлігіне сенуге болмайтындығын, өйткені ол кәсіби арандатушы екендігін айтып, оған дәлелдер келтіріп жатқанда, мына Ишмұхамедовтің пайда болуы, біздің сөзіміздің рас екенін мығымдай, бекіте түседі. Өйткені, біз қорғаушылар оны іздеген жоқ, ол өзі бізді іздеп келіп отыр. Оны осы сотқа, біздің алдымызға Алла-Тағаланың өзі алып келіп отыр. Тоғыз айда қылмыстық процессуалдық кодекспен біраз танысып қалдық, ол сот үдерісі толыққанды, жан-жақты, терең, объективті, шынайы жүргізілуін талап етеді екен, сондықтан, бірге отырып тыңдасақ куәні» деді. Судья прокурордың пікірін тыңдаған кезде, прокурор: «Мен бір нәрсені анықтап алғым келеді – бұл куә осы іске қатысты мәлімет емес, куәгер А.Шәймерденовтің қандай адам ретінде сипаттама, характеристика бергісі келеді ғой, солай ма?» деп сұрады. Оның сұрағына С.Жүнісбаев: «Айыптаушы жақты басты куәсінің құқық бұзушылыққа бейім адам екенін, құқық бұзып отырған адам екенін, оның жалған сөйлеуге бейім адам екенін дәлелдейтін мәліметтер береді, ал, бұл мәліметтер ертең судья үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткен кезде үлкен рөл ойнайтын жанама факторлар болып есептеледі» деп жауап берді. Прокурор: «Мен ол куәден жауап алудың қажеті жоқ деп есептеймін» десе де, судья жауап алған жөн деп тапты.

**Астанады И.Әбішевтің ісі бойынша сотта, 11-желтоқсан күні куә Идрисов тыңдалды. Ол жайлы қорғаушы Саян Жүсіпбаев былай деді: «Қорғаушылар тарапы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроның тергеушісі, сотқа дейінгі тергеу ісіне қатысқан Идрисовтың сотқа келіп, куәлік беруі туралы сотқа өтініш жасаған болатын. Одан жауап алу қажеттігі айыптау жағының басты куәсі А.Шәймерденовтің жауабынан қарама-қайшылық шыққаннан кейін туды. Ол сотқа берген жауабында Ислам Әбішев менен Асылбек Жампозов арқылы ақша талап етті деді. Ал, сотқа дейінгі тергеу кезінде ол төрт рет жауап берген, сол төрт рет берген жауабының бір де біреуінде ондай сөз айтпаған. Оны біз сот материалдарын зерттеген кезімізде көрдік. Шәймерденов қорғаушының сотта нақтылаған сұрағына: «Мен бұл жауабымды тергеушіге де айтқан болатынмын, ол хаттамаға түсіруді ұмытып кеткен болар» деген еді. Бүгін сотқа келген тергеуші Идрисов «мен Шәймерденов пен Жампозовтан алған жауаптың бәрін мұқият хаттамаға түсіріп отырдым. Бұл секілді маңызды хабардың ұмытылып, хаттамаға түспей қалуы мүмкін емес, ол тергеуде бұндай мәлімет берген жоқ» деді. Яғни, біз тергеуші Идрисовтің берген куәлік сөзі арқылы А.Шәймерденовтің жауабының өтірік екеніне көз жеткізіп отырмыз».**



Е.Мәкеновтің *«А.Шәймерденов жайлы не айтасыз?»* деген сұрағына Ф.Ишмұхамедов былай жауап берді: «Біз Көкшетауда, №4 мектепте бірге оқыдық. 8-кластан бастап бір партада отырдық. Тығыз дос болдық. 2010 жылы ол маған Көкшетауға қайта-қайта келіп норка өсіретін ферма ашайық, оның болашағы зор» деп үгіттеумен болды. Ақыры, мені көндірді. Мен сол іске 200 млн. теңгеден астам қаржымды құйдым. Мен ақша құйған күннен бастап ол күрт өзгерді. Маған менсінбей сөйлей бастады, олай істе, бұлай істе деп бұйрық бере бастады. 2012 жылы компанияның қажеттігіне деп ол мені тағы да 300 мың доллар қарыз алуға көндірді. Қаржыны құйғаннан кейін «ол сенің жеке басыңның қарызы, менің шаруам жоқ» деп шыға келді. Достығымыз жайына қалды. Мен жайлы сыртымнан мені даттап, өзін ақтап неше түрлі әңгіме айтып жүрді. Жалпы, менішше оның денсаулығы дұрыс емес сияқты, өйткені ол біреудің мен сияқты қиналғанынан ләззат алады...»

*«Сіздің Шәймерденовтің қандай жерде қызмет істегенінен хабарыңыз бар ма?»* «2000-2005 жылдары ол Көкшетауда прокуратурада жұмыс істеген болатын. Одан жанжалмен, жағымсыз характеристикамен жұмыстан босатылды, себебі біреудің сыртынан жалған қылмыстық іс ұйымдастырып, онысы жұртқа белгілі болып қалды. Әкесі содан кейін оны әкеліп осында, Астанада, қаржы полициясына жұмысқа орналастырды. Ол бұл жерден де айқай-шумен жұмыстан қуылды, өйткені, бір ауданның әкімінің қолына кісен салып, қылмысты деп алып кеткенде, артынан ешқандай материалдар жоқ екені анықталды. Әкім түрмеге әкеле жатқан жолда инфаркт алып қалды...» *«Сіз мына жерде отырған Ислам Әбішев пен Серік Түкеев туралы Шәймерденовтен қандай да бір ақпарат естіттіңіз бе?»* «Жоқ. Соңғы рет мен онымен 2016 жылы кездескенмін». *«Сізге Шәймерденовтің үстінен арыз жазуға не себеп болды?»* «2016 жылы аудиторлық тексеріс кезінде менің компаниям салыққа 200 млн. теңгенің үстінде қарыз екені белгілі болды. Мен компанияның директоры ретінде бұндай қарыз еместігімді жақсы білемін, сондықтан бұның себебін індетіп іздегенімде, Шәймерденовтің бухгалтері менің мөрімді істетіп алып, мен өзім қол қоймаған құжаттар арқылы миллиондаған ақша өткізгені анықталды. Мен бұны білген бойда, 2016 жылдық желтоқсанында оның үстінен Ақмола облыстық кірістер департаментіне арыз жаздым. Алғашқы жарты жыл бойы менің арызым Ақмола облысында қаралып еді, кейін оны Қарағанды облысына алып кетті. Сол үш жылдан бері мен Шәймерденов қылмыстық кодекстің бірнеше бабы бойынша «күдікті» деп қаралып жатыр деген хат алып тұрдым. Сөйтіп жүріп, осы жақында, күтпеген жерден оның үстінен «күдікті» деген айыптауды алып тастағанын естідім...» *«Шәймерденовтің кесірінен сіз өзіңіз нақты зиян шектіңіз бе?»* «Әрине! Мен жеке бизнесіммен айналысып, өзіммен-өзім жүрген жан едім. Менің компаниям таза жұмыс істейтін, ешқандай дауға ілікпеген болатынмын. Шәймерденовпен байланысамын деп мен, 200 млн. теңге зиян шектім. Одан бөлек, қарыздарсың деп, менің компаниямның жұмысын салық органдары бөгеттеп тастаған, жұмыс жүріп жатқан жоқ, даладағы техника-жабдықтың бәріне қарауыл қоюға мүмкіндік жоқ, олар ұрланып таусылуға айналды. Жалақы төлей алмағаннан кейін қызметкерлерімнің, жұмысшыларымның бәрі кетіп қалды». *«Бүгінгі таңда Шәймерденовтің атында қандай да бір жауапкершілі шектеулі серіктестіктер бар ма?»* «Иә, бар. Ол екеуміз құрған фирма, «Қазына-экспоцентр» ЖШС-нің құрылтайшысы болып табылады. Ол фирма арнайы құралдармен – диктофон, бейнебақылау камерасы, т.б. – құқық қорғау органдарын жабдықтаумен айналысады. Ол 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 2017 жылы 2 млрд. теңгеге құрал-жабдық әкелгенін білемін. Одан бөлек құрылыспен айналысатын, жиһаз жабдықтаумен айналысатын, тон-ішік сатумен айналысатын компаниялар да құрған болатын». *«Сізге СМП-610 деген компания таныс па, ол жайлы не айта аласыз?»* «Таныс. Азаматтың компаниясы. Оны 2013 жылы Щучинскіден Испания азаматы Сурен екеуі бірігіп, 300 мың долларға сатып алған болатын. Азамат оны Қазақстаннан кетуге мәжбүр етіп, кейін өзі жеке қожайыны болып алды». *«Суреннен басқа да шетелдік әріптестері болды ма?»* «Олар Сурен екеуі Диего деген португалдыққа тапты. Ол екеуі 300 мың долларға алған компаниясын, СМП-610-ды португалдыққа 1млн. еврoға сатты. Суренді шығарып жібергеннен кейін, португалдықтың әріптесі бір өзі болып қалды» *«СМП-610 жайлы не айта аласыз?»* «Ол компанияның жұмысын жүргізе алмаған соң, субмердігерлер оның техникасын қарызы үшін түгел алып қойды». *«Субмердігерлердің кім екенін білесіз бе?»* «Иә.Суворов Ашот Сурикович». «Құрметті сот, Суворов біз қарап отырған іс бойынша өткен болатын, осыған сіздің назарыңызды аударамын». *«Бүгінгі Шәймерденов пен Суреннің арасында қарым-қатынас үзілген дедіңіз. Ал, оны мен португалдықтың арасында қарым-қатынас бар ма, білесіз бе?»* «Шәймерденов жиһазбен жабдықтауға тартқан португалдық Педроға да, арнайы құралдарға тартқан Карл Брагоға да сендерге Қазақстанға кіргізген мен, сол үшін ақша төлендер дейтін көрінеді. Педро СМП-610-ға 400 мың доллар құйған еді, «енді компания жоқ, ешкім ешнәрсеге жауап бермейді, соны маған қайтаруға көмектес» деп маған шығып жүр. Ол халықаралық сотқа жүгінбекші».

*«Сіз бен Шәймерденовтің арасында тағы қандай да бір мәселелер болды ма?»* «Ол кәзір мені қашан шаршап кояды екен деп күтіп отыр». *«Дәл осындай жағдай тағы қандай компанияның басына түсті?»* «Көкшетаудың өзінен оған жиһаз жеткізіп тұрған Дзюба Вячеслав Анатольевичке 550 мың доллар, Игорь Белоусовқа 1100 мың доллар, маған 1млн. доллар қарыз». *«Сізден басқа шағымданып жүргендер бар ма?»* «Дзюба – Шәймерденовтің әкесінің досы. «Мен қалай шағымданамын?» деп жүр. Шәймерденовтің әкесін көрдім. Ол да «Вячеславқа қарыз екен, ал, мен баламды көрмегеніме төрт жыл болды. Ешқандай хабар жоқ...» дейді. И.Белоусов Шәймерденовпен бірге «қарағандылық іске» қатысты тергеліп, ол досының үстінен шағымдана қоймайтын шығар. Педро болса «ақырына дейін барамын» деп жүр». *«Арнайы құралдар жайлы не білесіз?»* «Ол жұрттың бәрінің үстінен компромат жинағанды жақсы көреді. Әлі арамыз үзілмеген кезде оның жасырын тыңдау аппараттарын 5-6 сағат шаршамай, қызығып тыңдайтынын, соған талдау жасап отыратынын көріп, «сенің денің сау емес шығар» дейтінмін. Әйелінің де жүйкесі шаршап, «Азамат «түсінде, өңінде де КНБ-нің төрағасы болғанын көріп жүр» деген еді бірде маған». *«Сіздің өзіңізге де қарсы жасырын тыңдау құралын қолданып көрді ме?»* «Иә, мен оның үстінен арыз жазғаннан кейін қолданғанын маған әйелі айтқан болатын». *«Тағы басқа кімдерге қарсы қолданды?»* «2017 жылы ЭСПО кезінде Шанхайдан таксилер алғанда «таксидің бәріне қойып тастайық, таксиде аадамдар шынын айттады, көбі мас болып мінеді, бүкіл қала біздің уысымызда болады» дегені бар-тұғын. *«Сіз Шәймерденовке жала жауып тұрған жоқсыз ба?»* «Маған жала жабу қажет емес, мен үш жылдан бері әділдікке жете алмай келемін, соған жетсе болды. Ал, жақында мына іске байланысты бұрынғы ісінен күдікті деген айыптауды алып тастапты. Бұны қала түсінуге болады?!» *«Ал, оның осындай істерді қалай шешетінінен хабарыңыз бар ма?»* «Ол 2012 жылға дейін тендерге байланысты істерінен қорқып, «мені отырғызады» деп, үрейленіп жүретін. Айтып та жүретін, түрінен де көрініп тұратын. 2012 жылы құдыретті бір адамды тапты. «Ағашка, ағашка» дейді, атын айтпайды. Содан бері қорықпай қимылдайтын болды...»

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

# КӨЗІҢЕ ҚАРА, ӘКІМ МЫРЗА!

**«Өзбекәлі Жәнібек Түркістан туралы, Қ.А.Ясауй кесенесін қалай сақтау жөнінде сақтандыра жазады: «Қазір сол Әзірет–Сұлтанның айналасын көгертеміз деп арық қазып, су жіберіп жатыр. Бұл дұрыс емес». Бұл туралы ғалым Құлбек Ергөбек өзінің фейсбук парақшасында жазды.**



«Түркістанның су жаңа әкімі сөйлеп отыр. Ұққаным, Америкадан бір бай фирма келген-ау шамасы. Инвестор тарту – дұрыс-ақ. Іскерлік! Болсын! Бірақ, Түркістан әкімі Рәшит Аюповтың жеткізуі маған ұнамады. ЮНЕСКО бойынша қорғалатын, үш асыл жәдігерлігіміздің бірі, бірегейі – Қ.А.Ясауй мавзолейінің айналасына су жіберіп, өзен ағызбақ, бәлкім жасанды көл жасайтын шығар, әйтеуір сондай бірдеңе. Жастар қайықпен әлгі өзенде жүзсе керек, кесенені айна-л-ып... Пау, шіркін! Айналайын, Рәшит-ау! Түркістанға әкім болдың. Тағдырыңа ризашылық айт! Екі дүниеңе кетер қызмет бұл! Түркістанның перзенті көрінесің. Перзентше қызмет ет, Түркістаныңа! Қолыңды қағатын пенде баласы болмайды. Бірақ, Түркістанның арғы-бергі тарихын шұқынып оқып, қарасайшы, шырағым-ау. Бұрынғы өткен ойшылдар Түркістанды қалай сүйді екен? Жәдігер шаһарды қалай түлеткісі келді екен? Кейінгі ұрпаққа қалай жаңғыртып, тарихи сымбатын сақтай отырып жасартып қалдыруды ойлады екен? Мысалға жүгінуге тура келеді. Бұрын-сонды Қазақстанда 40-шақты Мәдениет министрі болды, қарағым. «Әйелім орыс нәсілді болғандықтан ұлты «орыс» деп жаза сал»- (Ә.Қанапин) деген мансап үшін ұлтын сатқан министрді де, «Репетиция» мен «тренировканы» ажырата алмайтын (С.Әшляев) монды бас министрді де мына шыққыр көзіміз көрді. Сол 40-шақты министрден әлі күнге үш кісінің аты әлсіремей бүгінге жетті, ертеңге дін-аман кетіп бара жатыр. Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек... Сол Өзбекәлі Жәнібек Түркістан туралы, Қ.А.Ясауй кесенесін қалай сақтау жөнінде сақтандыра жазады: «Қазір сол Әзірет-Сұлтанның айналасын көгертеміз деп арық қазып, су жіберіп жатыр. Бұл дұрыс емес. Оның астында көп ғасырлық ескі қоныстар, мәдени қазба байлық бар. Қаншама өлік жатыр. Осындай білместіктің салдарынан онсыз да босап тұрған құрылыстың іргесін одан сайын үңгіп жатырмыз. Өзгелерді алайықшы. Анау Өзбекстандағы Регистанның қасында ағаш бар ма, жоқ. Болмаса Афинидағы мазарларды (Акрополь), Римдегі – Колизейді, Париждегі – «Құдай – ана» соборын», тіпті сонау Оңтүстік Америкадағы жергілікті халықтардың жергілікті ескерткіштерін алыңыз, әлі де сол қалпында тұр ғой. Ал бізде басқасы оңып тұрғандай сол жерлерді көгерте қалайық дейді. Осынау өресіздікті тез арада тоқтатпайтын болса, біздің ұрпақтың кезінде олар тұрар, ал келер ұрпақ көрмеуі әбден мүмкін». Міне, көрдің бе, әруағыңнан айналайын, Өзбекәлі Жәнібектің не дегенін? Бүгін біз мақтанышымызға айналдырып отырған МАВЗОЛЕЙ әуелі құдайдың, сосын Өзбекәлі Жәнібектің арқасында бүгінге аман жетті. Ертеңгі ұрпаққа аман жеткізе аламыз ба? Мавзолейдің айналасын өзенге айналдырам дегенің қай сасқаның? Өзекең алдындағы гүлзарды да тарихи ескерткішке зорлық, қиянат деп отыр ғой. Ал, Сен ескерткішті айналдыра өзен жіберсең, бір сәтте опырылып түспей ме, мавзолей? Егер, өзің мақтап отырған ЖОБАМЕН жұмыс істейтін болсаң, мен қате түсінген болмасам, Қ.А.Ясауй мавзолейін айнала өзен жасауға бейіл берсең, Түркістан халқы, Түркістан ғана емес-ау, күллі Түрік дүниесі саған сенімсіздік жариялауымыз әбден мүмкін! Бетке айтқанның зәрі жоқ. Тілектес адам ғана, білетін адам ғана бетіңе айтады! Ойлан! Әкімдік қызметің құтты болсын! Бірақ, көзіңе қарап, ойланып кіріс, қандай іске де. Түркістан әкіміне ойшылдық жарасады... Он ойланып, бір рет шешім жасаған жарасады Түркістан әкіміне!»

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**
**профессор**

■ ÓNER

## ТҮРЛЕНГЕН ТҮРКІСТАН ӨНЕР АРҚАУЫНА АЙНАЛДЫ

**Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстың имиджі мен туристік әлеуетін арттыру, өнерлі жастарға қолдау көрсету мақсатында және ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Сәлем саған, Түркістан» өнер фестивалі ұйымдастырылды.**

400-ге жуық үміткер додаға түскен ауқымды шараны 2 мыңнан астам көрермен тамашалады. Фестивальдің қорытынды шарасына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов қатысып, Гран-при иегерлерін марапаттады. Қазылар алқасының шешімімен «Сәлем саған, Түркістан» өнер фестивалі аясында өткізілген балаларға арналған би байқауының бас жүлдесі Түркістан қаласындағы «Шабыт» және Төлеби ауданыннан келген «Көркем» би ұжымдарына табысталды. Бәйдібек ауданынан келген «Асылым», Жетісай ауданынан келген «Шаттық» би ұжымдары жүлделі 1-орыннан көрінді. Ал кентаулық «Шығыс ырғақтары» және сарыағаштық «Еркетай» би ұжымдары 2-орынды еншілесе, «№1 Сайрам балалар саз мектебі» мен қазығұрттық «Балауса», шардаралық «Ақмаржан» би ұжымдары 3-орынды қанағат тұтты. «Түрленген – Түркістан» суретшілер мен фото суретшілердің көрме байқауының кескіндеме номинациясы бойынша бас жүлдесі Нұр-Сұлтан қаласынан келген Сейсенхан Махамбетке табыс етілді. Шымкенттік Арман Омаров 1-орынды, шымқалалық Серікбай Жорабеков пен Сейітбек Мәжібаев 2-орынды, Бейбіт Бертаев пен түркістандық Мұрат Шаханбаев және шымкенттік Омар Бабажановтар жүлделі 3-орынды иемденді. Фотосуретшілер сайысында шымкенттік Сүндет Жанаділов бас жүлдеге, Мақсат Шағырбаев 1-орынға, Бейбіт Бертаев пен Салауат Жәнібекұлы 2-орынға, оралдық Мейірбек Ташкуранов пен шымқалалық Дәулетияр Балтабаев, нұрсұлтандық Шүкір Шахай жүлделі 3-орын иегері атанды. «Open Turkistan» бейнероликтер сайысында шымкенттік Еркін Марғұлан бас жүлдеге қол жеткізді. Айдана Көшен 1-орын, Алихан Конкин 2-орын, Әбдінаби Данияр 3-орынды қанжығаларына байлады. Бұдан бөлек, 7-12 жас аралығында классикалық ән орындаушылар сайысының бас жүлдесіне Төлеби ауданының өнерпазы Ғаламат Халық лайық деп танылды.

*qazaquni.kz*

■ MÁSELE

# МҰҒАЛІМ МҰҢЫН КІМ ТЫҢДАЙДЫ?



**Былтыр Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елінде алғаш рет мұғалім мәртебесі туралы заң қабылдау ұсынылған болатын. Содан бүкіл ел болып, қуанып, осы жобаны талқыладық. Мұғалімдер өз пікірлерін, ойларын, көкейде жүрген армандарын ұсынды. Бұрын соңды болмаған бұл заң жобасы мұғалімдерге мол үміт артты. Әсіресе, ұстаздар қауымы, негізінен, зейнет жасы төмендетіле ме деп ойлаған еді. Олардың басым көпшілігінің тілегі осы болатын.**

Себебі, қазіргі таңда мектептегі оқу бағдарламасының әр жыл сайын өзгеруі, 35-40 жыл жұмыс өтілі бар мұғалімдерге оңай соқпайды. Олардың онсыз да ширыққан жүйкелері одан сайын тозып, денсаулығына зақым келіп жатқандар қаншама. Сол мұғалімдер амалдың жоғынан құлағы дұрыс естімесе де, көзі дұрыс көрмесе де, оқушылардың мазағы болып, зейнет жасына дейін мектепте жұмыс істеуге мәжбүр.

Депутаттар мен шенеуніктер болашақ ұрпаққа берілетін білімнің сапасын ойласа 35-40 жыл өтілі бар мұғалімдердің зейнетке шығуына мүмкіндік беріп, жас, білімді білікті мамандарды жұмысқа қабылдауды қарастырса екен дейміз.

Жылда сайын мыңдаған жас мұғалім жоғары оқу орнын бітіреді. Бірақ олар мектепке жұмыс істеуге келмейді. Мектепте сол баяғы жұмысқа зауқы жоқ, жүйкесі тозған, амалы таусылғаннан сабақ беріп жүрген мамандар жас ұрпаққа қаншалықты сапалы білім бере алады. Олардың көпшілігі электронды журналдармен және компьютерлермен жұмыс жасай алатынына сіз сенімдісіз бе? Мұғалімдердің өздерінен сұрап көріңізші. Күш жігері, денсаулығы мықты, жүйке жүйесі сыр бермеген мұғалім болса, ондай мамандар өз жұмыстарын 63 жасқа дейін жалғастыра берсін. Көптеген дамыған мемлекеттерде 25 жыл өтілі бар мұғалімнің зейнетке шығуы тәжірибе жүзінде пайдалануда. Біздің тәуелсіз мемлекетіміз де осы тәжірибені пайдаланса. Жоғарыда айтқанымыздай, 40 жыл өтілі бар кейбір мұғалімдер көзі көрмей, құлағы жақсы естімей оқушылар алдында мазақ болып жүр.

Сондықтан мұғалімдерге тиісті жағдай жасалып, еңбектері еленіп, лайықты демалысына абыроймен кетуін қамтамасыз етілуін қалаймыз. Заң жобасын қабылдайтын мамандар бір күн мектепке барып, таңнан кешке дейін балалармен жұмыс істеп, кешкілік үйіне келген соң атақарған ісін электронды форматқа енгізіп, көз майы таусылғанша компьютерге телміріп, ертеңгі күннің жоспарын құрып, оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексеріп көрсінші.

Ендеше, 35-40 жыл еңбек өтілі бар мұғалімнің лайықты зейнетке шығуға толықтай құқығы бар және осы бағытта тиісті Заң жобас қабылдауы қажет деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекетпіз» деген болатын. Демек, мұғалімдер үнін тыңдайтын құлақ табылса екен деген үмітіміз зор.

**Азамат БЕКЕТОВ**
*Түркістан облысы*

№51 (869), 16 jeltoqsan, 2019 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ҚАРАҒАНДЫ. «ЖАС ҚАЗАҚ». 1974.

**«Жас Қазақ» ұйымы туралы алғаш рет мен Алматыда жүріп естідім. 1971 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтының есептегіш техникалар факультетіне түстім. Оқуға бой үйретіп, жанжағымызға қарағанда елдің оқып жатқан оқуларынан басқа да түрлі шаруаларымен айналысатынын бағамдадық. Біреулер кешкілік жұмыс істесе, енді біреулер қапшықтарын арқалап спорт залдарын бетке алып бара жататын. Енді біреулер би, тағы басқа үйірмелерге қатысады екен. Сол кезде политте «Дос–Мұқасан», «Видикон» ансамбльдері дүрілдеп тұрды. Содан да шығар, біраз елдің аңсары эстрадада екен. Мұнан басқа институт жанында «Бәйшешек» әдебиет клубы жұмыс істеді.**



Төрехан МАЙБАС, жазушы

Менің ыңғайыма осы «Бәйшешек» келетін еді. Өйткені, ауылдың бала ақыны «атағым» бар болатын. Жергілікті басылымдардың штаттан тыс тілшісі деген куәліктерім де бар еді.

Мұнан басқа бұл клубқа менің бала кезден досым Болат Дүйсенбаев та қатысады екен. Ол елде жүрген кезде менен бір сынып жоғары оқыды. Мұнда да ол бір курс жоғары оқыды. Сол кездің өзінде-ақ ол «Кек» деген повесть жазып жүретін. Кейкі батыр жөнінде.

Ондағы жаныма жақын тартқан жігітім Нығымет Ахметов деген керекулік азамат еді. Ол сол тұста үшінші курста оқыдыау деймін. Екі тілге бірдей жүйрік еді. Екі тілде де өлең жазатын. Мені қызықтырғаны оның ақ өлеңдері еді.

Кейін ол ағамызбен 1973 жылы Алматыда өткен жас ақынжазушылардың фестивалінде кездестік. «Қазақ әдебиетінде» кездесуге қатысқан бір топ ақынжазушылардың суреті жарияланды. Сол топтың ішінде Нығмет ағамыз екеуіміз де болдық. Ұмытпасам соңғы курста оқып жүрді. 1953 жылғы. Кейін хабарсыз кеттік. Туған жеріне оралды деген хабары ғана жеткен.

Ол кезде елдің бәрі Олжас Сүлейменовпен, Мұрат Әуезовпен «ауыратын». Ол екі ағамыздың алдында Роберт Рождественский, Евгений Евтушенко және басқалары тұрды. Ал политехымыз болса Андрей Вознесенскиймен жаппай «ауырды».

Болат досым да арнау өлеңдер жазатын. Политехникалық. Күйдім-сүйдім деген сынды. Ондай ақындарды темір ақын, термин ақын деуші едік.

«Жас тұлпар» жөнінде осында жүріп естідім.

Бұл жағынан бізден гөрі Болат жүйрік еді. Өйткені, Болаттың ағасы Бақыт та осында оқыды. Бұл ағамыз да қаншыл, барынша ұлтшыл азамат болды. Бақыт ағамыз кезінде Ақшатау кен-байыту комбинатының автотранспорт цехын басқарды. Ел «партбилетін Ельцинnen кейін тапсырған азамат» деп отырады. Онысы рас еді. Әйтеуір сол кездегі Ақадыр ауданын шулатып жататын. Партиялық форумдарға барғанда қияс сөйлейтін.

Кейін білсем оның негізі де бар екен. Бұл кісілердің нағашысы Төлеубек Тұрысбекұлы Шет ауданының Ақшатау ауылының тумасы. Заманында Токаревка ауылшаруашылық училищесін бітірген екен. Біраз уақыт елде шатауат болады. Кейіндеу Ақшатау совхозының машина ауласының меңгерушісі, бригадир болып істейді. Бұл жерде айтайын деп тұрғаным осы Төлеубек ағамыз екінші толқындағы «ЕСЕП» партиясының мүшесі. Кейінге дейін үш әріптің есебінде тұрды.

Төлеубек ағамыз отыз тоғызыншы жылғы. Ол кісімен бетпе-бет сырласқанбыз. Айтарға ғана әңгіме айтты. Одан кейінде талай кездестік. Сол бұрынғысынан таймады. «Алдымдағы бір адамды, артымдағы екі адамды білдім» дейтін.

Ақшатаудың пошта жәшігінен жан-жаққа жөнелтілген хаттар жөнінде біраз әңгіме біледі екен. Соған қарап ағамыздың да бұған бір қатысы болды-ау деп ойлаймын.

– Бар әңгімені 2012 жылы айтамын, – деп отырушы еді.

Неге дегендей сұраулы жүзбен қарамаймын ба?!

– Елу жыл бойы айтпаймын деп қолхат бергенмін, – дейтін.

Айтпай кетті. Төтеннен келген ажал 2004 жылы алпыс бес жасында алып кетті. Өкінішті, әрине... Бір сегіз жыл аман тұрғанда бәрін айтар да ма еді...

Бақыт пен Болат ағаларымның алдында осылайша Төлеубек ағамыз тұрған болатын. Сондықтан олардың «есеп» болулары да әбден заңды еді.

Менің жазушы болсам деген арманым 1973 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне алып келді. Осындағы филология факультетінде оқыдым.

Оралхан ағам жаратқан «Керат» деген әңгімемді осында жүріп жаздым. Осында жүріп «Жалын» альманахына шықтым. Осында жүріп «Аранын» сыйлығын алдым. Қиястанып ақ өлең жаздым.

1974 жылы Қарағандыға Болат келді. Оқуға жаңа кіргенбіз. Біздің №2-ші жатақханада үш күн болды. Қарағандының сол кездегі мүшкіл хәлін әңгіме арқауы еттік. Содан бұлай болмайды дедік. Баяғы «Не істеу керек?» және «Кім кінәлі?» сауалдарына байландық та қалдық.

Кейінгі сауалдың жауабын соқыр түйсікпен білетін сындымыз. Ал алғашқы сауалға жауап беруіміз керек еді.

Содан біз тұрып жатқан №529 бөлмеге елін сүйетін, жерін сүйетін жастардың басын қосуға бел шештік. Жиынымызды Болат ашты, әрине.

Оның алдында мен сөйледім. Жиналғандарға Болат досымды таныстырдым. Партия құру, ұйым құру жөнінде сөз қозғамадық.

Жиынымызға біраз ел жиналды. Болашақ заңгерлеріміз де, қаржыгерлеріміз де, матемаиктеріміз де, тарихшыларымыз да қасымыздан табылды. Қарағандының жайын, қазақ тілінің мүшкіл хәлін әңгімемізге өзек қылдық. Іргеміздегі Абай қаласындағы Абай ескерткішін қорашсындық. Алып ескерткіш орнатсақ деп түкіріндік. Қаражат көзін де өзімізше «таптық». Жазғы еңбек семестерінен түскен нәпақамыздан қарасамыз дестік. Автобус, трамвай, тролейбус маңдайшасындағы орыс жазуларының қазақшасын жазсақ дедік.



Біздің факультетіміздің жанынан ашылған «Балауса» деген әдебиет клубы болды. Соның бар мүшесі қатысты-ау деймін. Сол «Балаусаның» жанынан «ЖасТүрік, «ЖасАлаш», «ЖасҰлан», болмаса «ЖасҚазақ» ұйымын құрайық дестік. Ақыры «ЖасҚазаққа» тоқтадық. Болаттың ұсынысымен жас қазақ сөзін біріктіріп жазайық, қазақ сөзін үлкен әріппен жазайық дедік. Бұрынғы «ЖасҚАЗАҚ»-тан айырымымыз болсын деп. Сонымен «ЖасҚАЗАҚТЫ» құрдық. Төрағалыққа мені сайлады. Бірақ ешқандай да Жарғы, Бағдарлама қабылдамадық.

«ЕСЕП» партиясын ауызға да алмадық.

Ертеңінде тағы да гулестік. Өлең оқыстық. Қарағандының сол кезде есімдері шығып тұрған ақындары Тортай Сәдуақасов, Нұрғали Ибрайымов, Жандос Смағұлов, Ғазиз Әлин және басқа да жігіттер жырдан гүл шоқтарын түздік. Ғазизден басқасының бәрі де филологтар болатын. Бұл жолы да артық сөзге барыспадық. Тағы да сол – Қарағандыны қайтып қазақыландырамыз деген сауалымызға жауап іздестік.

Үшінші күнінде ұстады. Қолымызды қайырған жоқ. Мылтық кезенген жоқ. Түсіністікпен тараған сынды едік. Менен Болатты сұрады. Мен оның қай үйге тоқтағанын біле тұра айтпадым, әрине. Бірақ оған хабарлап үлгердім. Ол Мәскеуге қашып кетті. Одан әрі азаматтық борышын өтеуге аттанды білем. Одан кейін Болат екеуіміз он бес жылдан кейін ғана кездестік. Ол үйленгенде мен бара алмадым, мен үйленгенде тойыма ол да келген жоқ. Елге жұмбақ болған бұл жайдың онша құпиялығы да жоқ еді. Біздер жақсы күнде кездесуге серт берген едік. Сол жақсы күн «Азат» партиясын құрумен тұспа-тұс келді. Содан кейін жұбымызды жазбадық десек те болады. 1994 жылғы алғашқы баламалы сайлауда Жезқазған облыстық Мәслихатына депутаттыққа №17 Ақшатау округінен мен түстім. Менен басқа тағы да жеті адам түскен еді. Соның жуан ішінде Болат та жүрді. Соңынан Болат өзінің кандидатурасын алып, №18 Аксу-Аюлы округінен түскен еді. Не керек депутаттық екеуіміз де өттік.

Әңгімемізге қайтып оралық. Күнде мені айналдырады. Айтбай Нәрешев ұстазымды күйелемек ниеттері болды. Мен ол кісінің есімін аузыма да алмадым. Махмет Темірді де қараламақ ниеттері болды. Неге Махмет? Оны әлі күнге дейін түсіндіре алмаймын. Әйтпесе, жөні менен нағыз «есепші» жерлес ағаларым Зейнолла Игіліков пен Кәмел Жүністегі туралы сыр тартса керек еді.

Олардың тағы бір сұраған адамы Төлеуғазы Әбжан ағамыз еді. Ол кісі де ұстазымыз болатын. Барынша патриот адам еді. Мен білсем ол кісі тек мақтауға ғана тұратын жан еді.

Қош, сонымен менімен айналысушылар саны көбейе түсті. Жүріп-жүріп үш әріптің жертөлесіне қамап тастады. Онда да сол айналдырып келіп сұрай береді.

– Бағдарлама қабылдадыңдар ма?

– Жарғы қабылдадыңдар ма?

– Сендерді бұған кім үгіттеді?..

Мен ойлаушы едім. Менің жертөледе жатқанымды ешкім де біле қоймайтын шығар деп. Жоқ, оным бекер екен.

Ұлы Жеңістің алпыс жылдығы құрметіне Өспен ауылында Жеңіс саябағы ашылатын болды. Ол кезде облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде істейтінмін. Іссапармен Өспенге бардым. Ұйымдастырушысы сол кездегі Абай ауданының әкімі Тұрар Алтынбеков ағамыз еді. Дастарқан басында біраз жігіт отырғанбыз. Облыстық соттың орынбасары Моряк Шегенов, Ұлттық банктің облыстық филиалының басшысы Мағауия Көшімбаев, Қарағанды мемлекеттік университетінің проректоры Салауат Кентбеков және басқа да ел азаматтары отырды. Әңгіме үстінде Салауат пен Мағауия тосын әңгіме айтсын.

– Сіз үш әріптің жертөлесінде жатқанда біздер «передача» апарып едік. Қолымызды қойып тұрып тапсырып едік. Сол қолыңызға тиді ме? – деп. Отырғандардың көзі атыздай болсын.

– Бұл не әңгіме? – деп.

Тергеуші жігіт онша кексе жастағы емес еді. Әлде Есімі Абай, әлде текесімі Абаев. Маған жақсы қарады.

Сол азаматты Рымқұл Сүлейменов ағамыз жақсы біледі екен. Маған шапағаты тиген ағамыз осы кісі болды. Кейінде Рымқұл ағамыз екеуіміз Ақадыр аудандық газетінде бірге жұмыс істедік. Ағамыз редактор да мен орынбасары болдым.

Сол басылымда редактор болып қалуыма да ықпал еткен осы Рымқұл ағам. Өзі тұрған үйді де маған алып беруге ықпал жасаған Рахаң.

Тағы бір шапағаты тиген адам Мұрат Смағұлов ағамыз еді. Бұл әңгімені сол кездегі оқытушы Жеңіс Серғазин, филология факультетінің деканы Задан Жұмағалиев те жақсы

білді. Олардың барлығы да менен жақсылап құтылуды – арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін шешімге жетуді ойлады деп білем. Өйткені, біздің шаруамыз ұшынғандай болса олардың шаруасы да онша келісе қоймайтын еді.

Мұрат ағам заманында Ақшатау шахтасында істеген адам. Дәрі қопарушы әкемнің\ көмекшісі болған. Сондықтан да ол ағама қатты сендім. Оның үстіне аталас адам еді. Бірақ оқуға түсуіме ол кісінің емес Задан ағамның қатысы болды. Сол кісілердің ағалық ақылы арқылы осы күніме жетіп отырмын деп ойлаймын. Мұрат ағам:

– Оқудан кет, бір жылдан кейін қайтып орнықтырамыз, – деді.

Мұның қиыны мен өз еркіммен кете алмайды екенмін. Ақыры сабақ босатты деп оқудан шығарды. Оның алдында комсомол қатарынан шығарды.

Ал мен жоғары шәкіртақымен оқушы едім.

Елден әкемнің інісі Қасымжан ағатайымды шақыртты. Сөйтіп, мен елге қайттым. Түк болмағандай. Шахтаға түстім. Қара жұмыс істедім.

Келесі жылы айтқандағыдай оқуыма қайтып келдім. Бірақ қабылдамады. Сонымен шахта жұмысын істеп жаттым. Содан менің бағыма қарай біздің кеніштің басшылығына Еслам Бөкетов келсін. Бұл кісі біздің ректорымыз, атақты академик Евней аға Бөкетовтың туған бауыры болады. Бұл кісі де ағасына тартқан көшелі адам еді. Тағы бір жыл өтіп, осы ағамыз қағаздарымды қатырып берді. «К Букетову от Букетова» деген қағаз оңай емес еді. Оқуыма бірден кірдім. Комсомолда барсың ба, жоқсың ба деген әңгіме жайына қалды...

Сөйтіп, оқуымды бітіріп алдым. Бірақ комсомолымды орнықтыра алмадым. Кейін оның өзі жұмысымда өсуіме үлкен кедергі болды. Партия қатарына өте алмай қойдым. Қайда барсам да алдымнан «комсомол қатарынан неге шықтың?» деген сауал тұрды.

Қысқаша қайырғанда біздің «ЖасҚазақтың» тарихы осындай.

Болат ағам Дүйсенбаев облыстық деңгейдегі үлкен қызметтерде болды. «Ертіс-Қарағанды» каналына басшылық жасағанын айтсам да болар. Бірінші шақырылған Жезқазған және Қарағанды облыстық Мәслихаттарының депутаты болды. 2009 жылы бақилыққа озды.

Бөлмелес бауырларым Нұрмұхан Жүнісов пен Қанат Сәдуақасов та белсенділер қатарын толтырған. Кейінде екеуі де ұлағатты ұстаздар болды. Нұрмұхан бауырымыз бүгінде Кереку қаласында аман-сау жүріп жатыр. Шығармашылықпен айналысады. Ал Қанат бауырымыз бақилыққа озған.

«ЖасҚазақтан» кімнің қандай жапа шеккенін айта алмаймын. Білетінім Ғазиз Әлин оқудан шығып қалды. Кейін орнықтырды. Лауазымды қызметтерде болды. Негізі жақсы ақын еді. Оның өлеңдерін Оралхан Бөкей ағамның өзі жаратып еді. Оның да оқудан шығып қалуына осы «ЖасҚазақ» себеп болды ма деп ойлаймын. Кейінде Ғазиз бауырым «Азат» азаматтық қозғалысының Жезқазған облыстық филиалының басшылығында болды.

Тағы бір белсенді мүшеміз Тілеубай Кәріпбаев дәрежелі қызметтерде болды. Шет ауданы әкімінің орынбасары болды. Бұл күнде облысымыздың іскер азаматтарыының бірі.

Біраз жігіттермен хабарласып едім, олар аты-жөндерінің қағазға түскенін құп көрмеді. Оқудан шығып қалса да. Өйткені олар әлі де мемлекеттік қызметтерде жүріп жатыр.

Ал кейін белгілі болғандай бізді ұстап берген өзіміздің белсендіміз Ғалымжан Жұмақасов деген ағамыз екен. Сол кезде ол да біздің филфакта оқыды. Кейін менің Ғалымжан ағаммен әріптес болуыма тура келді. Ақадыр аудандық «Ақадыр таңы» газетінде ол жауапты хатшы, мен бөлім меңгерушісі болып істедім. Әлді жорналшы болды. Кейін Ақадыр аудандық баспаханаға, өрт сөндіру мекемесіне басшылық жасады.

Ұстап беру себебін сұрамадым емес, сұрадым.

– Әдейі істегенім жоқ. Жағдай солай болды... – деді.

Бұл жөнінде бүгін де ойланып қоям.

Бәлкім, ағамыз «салпаңқұлақ» болған болар деп...

Бір кездері ол да барынша жауапкершілікті қызмет еді ғой...

Осыдан қырық бес жыл бұрын мен де ешкімге тіс жармаймын деп қолхат бергем.

Ол мерзімге көп уақыт қалған жоқ. Қалғанын сонда айтармыз.

Бұл мақала жазылар ма еді, жазылмас па еді. Қазақтың тағы бір ұлт сүйгіш ұланы Арман Қани бауырымыз қолқа салсын. Бұл бауырымыз Керекудегі «Жасұлан» ұйымын құрушылардың бірі.

Қолқасы орынды-ау, алайда ол күндер туралы жазу оңай болмады. Бұл өзі бір өте нәзік нәрсе ғой. Біреудің шамына тиіп алмайық деп барынша тігісін жатқызып жазған мақаламыз осы болды.

Енді сөз соңында сол 1974 жылы үш әріптің жертөлесінде отырып жазған «Жертөледе жатырмын» деген өлеңімді ұсынамын.

Өмір жатыр мен сүрген,
Жиырмадан аспаған.
Тең жарымын дәл соның,
Жасағандай басқа адам.
Оқырмандар жыр күтсе,
Шығар жерден діттеген.
Өлең жатыр басталған,
Аяғы оның бітпеген.
Күндерім бар босқа өткен,
Сылтау айтып қайтемін.
Күндерім-ау, терлеген,
Қорғаушым боп айт емін.
Қарсы жүздім,өкінбен,
Өмір деген ағысқа.
Жертөледе жатырмын,
Жығылам деп намысқа.
Отырамын көз ілмей,
Әлдеқашан батқан Ай.
Әлдекімдер төбемнен,
Құй қазып бір жатқандай.
Сырттан келер хабар жоқ,
Не әкелер келер күн?
Өз өзіммен серттестім,
Деп биігімде өлермін.
Өмір жатыр алдымда,
Мен әлі аяқ баспаған.
Тең жарымын оның да,
Сүрмесе екен басқа адам.

